

Рудный қаласы әкімдігінің «№15 балалар бақшасы» КМҚК

Бекітілген:

2021 жылдың 27 тамызындағы

№1 педагогикалық кеңесінде

төрайымы  Б. Боздаикова



2021 – 2022 оқу жылына арналған
Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының
«Сиқырлы кілем» вариативтік
компонентінің жоспары

Рудный қ. 2021-2022 о.ж

Түсінік хат

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі - халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Сол себептен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде 2019-2020 оқу жылында шығармашылық топтың тақырыбы «Кілем тоқу технологиясы» болған.

« Сикырлы кілем » - эстетикалық даму

Мақсаты: Қазақ ұлттық ою өрнегі қолдану арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың кілем технологиясы бойынша білімдерін, дүниетанымын кеңейту, кілем тоқуды меңгеру. Өз ойларын тиянақты жеткізе білуге уйрету. Еңбекті суюуге, тазалыққа және техникалық қауіпсіздікті ережесіне сақтауға тәрбиелеу.

МДҰ педагогтарымен кілем тоқуға арналған сабақтарда келесі тақырыптармен танысып, кілем тоқуға үйренді.

Кілем тоқу тарихынан. Үй жиһазы – кілемді жерге жайсаң – төсеніш, қабырғаға ілсең – сән. Оны негізінен, сәндік, бөлме жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету мақсатында тұтынады. Ол – қазақ халқының көне заманнан бері келе жатқан дәстүрлі үй мүлкінің көріктісі. Шығыс елінде кілемді тоқып, тұтынбаған халық болған емес. Кілем тұтынуға қолайлы, төзімді, шаң-тозаңнан тез тазартылады, ылғалдан, құрғақшылықтан қорықпайды, күтіп ұстаса, күйе түспейді әрі аса бағалы мүлік. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектер-көшпелі халықтың өмір шежіресін баяндайды. Бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, көшпелі елдің ағаш үйі, мал қорасы, ескі қорғандар, жүзім баулары, бәрі-бәрі осы кілем өрнектерінде бейнеленіп тұр. Кілемдегі суреттер шартты түрде бейнеленгенімен, онда өмір шындығы айқын аңғарылады. Біз білетін деректер: тоқылатын кілемдердің ішінде Түрікменстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Қазақстанның кілемдері өздерінің көрнектілігі жағынан басқа халықтың кілемдерінен көш ілгері. Өйткені, ұлттық кілемдер – осы республика қолөнерінің төл туындысы, негізгі түрі.

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобына арналған «Сиқырлы кілем»
вариативтік компоненттік жоспары.**

№	Сабақтың тақырыбы	Міндеттері	Сағат саны
1	Кілем тоқу технологиясымен таныстыру	Үй жиһазы – кілемді жерге жайсаң – төсеніш, қабырғаға ілсең – сән. Оны негізінен, сәндік, бөлме жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету мақсатында тұтынады. Ол – қазақ халқының көне заманнан бері келе жатқан дәстүрлі үй мүлкінің көріктісі екендігін балаларға ұғындыра отырып қазақ халқының ескіріп кеткен қол өнерімен таныстыру.	1
2	Біз,ине және жіп	Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға мойын орағыш тоқуға арналғанын көрсете отырып, біз бен таныстыру.	1
3	Ілмек бізбен тоқу	Ілмек біз - аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі екендігін ұғындыра отырып,ілмек бізбен тоқуды жалғастыру.	1
4	Иірілген жіп	Кенеп жіп, мақта жіп, жүннен иірілген жіп, жібе жіп синтетикалық жіп, аралас жіп түрлерімен таныстыруүжіптің түрлері туралы мәлімет беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
5	Бізбен тоқу технологиясы	Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана ұшты және иілме (айналдыра тоқитын) болып келетінін, олардың темірден, ағаштан, пластмассадан жасалған түрлерін балаларға көрсете отырып,бізбен тоқу технологиясымен таныстыруды жалғастыру.	1
6	Бізбен тоқудың барысы	Алғашқы қатар. Шеткі шалулар. Шеткі жиек. Оң және теріс шалулар. Тоқымай алынған бос шалулар. Ұзартылған шалулар немесе орамалы шалулар деген ұғымдарын меңгерту.	1
7	Тоқудың түрлерімен танысу	Шұлықша тоқу. Қуыстап тоқу. Орамалша тоқу. Резинка (ластик) тоқу түрлерін көрсетіп түсіндіру	1
8	Ілмекпен тоқу	Ілмектің көмегімен бұйым жасау барысын айта отырып тоқыма тоқудың бір түріі екенін ұғындыру.	1

9	Машинамен тоқу	Машинамен тоқыған кезде шалуларды көбейтуге не азайтуға, ластик (резинка) тоқуға, тігінен, көлбеуінен және көлденеңінен тілік түсіруге, "каре", жартылай дөңгелек мойын ойындысын шығаруға, шетті өңдеуге болатынын меңгерту.	1
10	«Кілем өрмегі» өнері мен танысу.	Ерекше сән мен сұлулыққа толы үй жасауы – кілемнің өрмегін «Аспалы өрмек» немесе «Кілем өрмегі» деп атайды. Кілемнің бой жіптерінің жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізілуі осы кілем өрмегіне тығыз байланысты екендігін меңгерту арқылы кілемнің қыры-сырымен танысуды жалғастыру.	1
11	Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері	Иірім жіп көп талшықтардың тіркесу күші және ширату арқылы байланыстыруымен алынатынын меңгерте отырып, іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлерін қолдану.	1
12	Зығыр жібінің пайдаланылуы	Зығыр талшығының тігін өндірісіндегі пайдалануы. Зығыр- зығырдың иірілген жібінен жасалынған мата екендігін балаларға көрсете отырып түсіндіру.	1
13	Жіпті сирексіту.	Керілген жіп желілерінің арасынан арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын тоқпақпен (оны кейде тарақ деп те атайды) түйгіштеп, сол желі жіптерінің арасын ажырататын құрал екендігін ескерту.	1
14	Жіп жалғау дегеніміз не?.	Керілген желі жіптерінің үзігін немесе қашқанын тауып байлауды «жіпжалғау» деп атайды. Егерде ол байланбаса, кілемге салынып жатқан түрдің қисық түсуі мүмкін.	1
15	Жіптің қашуы.	Кілем тоқу үшін керілген жіп желісінің үзіліп кетуін шеберлер «жіптің қашуы» , - деген ережені түсіндіріп қан қоймай жіптің қашуын іс-жүзінде көрсету.	1
16	Қолмен тоқу қол өнері	Қолмен тоқу кезінде сіз бір уақытта бір тегіс жасау және бір уақытта ілгегіңізде алтыдан көп ілмек болатынын балаларға меңгерту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
17	Кілемнің пайдасы мен зияны.	Қазір байқап қарасаңыздар, шаң жинайды, қағып-сілкуге, тазалауға қиын деген сылтаумен көп үй киіз бен қолдан тоқылған кілемді пайдаланбайтын болған. Оның орнына синтетикасы көп зауыт-фабриканың заманауи бұйымдары көбейген түрін көрсетіп түсіндіру.	1
18	Тарту жіп.	Белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді	1

		тартатын жіпті екенін түсіндіріп қана қоймай іс-жүзінде көрсету.	
19	Арқау жіп	Еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін бас жағындағы шатысты ұстап тұратын жіпті шеберлер осылай деп атап кеткенін меңгерту.	1
20	Жіппен жасалатын амалдар	Шатыс. Керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуын «шатыс» деп аталатынын ұғындыру.	1
21	Қайшы не үшін қажет?	Керілген желідегі жіпке шалынғаннан соң тегістеу үшін қажет. Осы қайшымен кілемнің түгін қырқып, тегістейтінін меңгерту.	1
22	Топпақ дегеніміз не?	Ол керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан арқау жіп өткізілгеннен кейін жіп арасын түйгіштейтін шеге тісті ағаштан жасалады. Атауы – топпақ, кейде оны тарақдеп те атай береді. Өйткені, бір жағынан тараққа да ұқсайтынын көрсету.	1
23	Аяқ және белағаш.	Белағашты көтеріп тұратын, аша басты тіреу ағаштың атауы – аяқ. Оны керілген желі-төсек жіптің бел ағашының екі басына тіреп қоятынын түсіндіре отырып, суреттерін көрсету.	1
24	Адарғы мен танысу	Кергі ағашта тоқылып жатқан кілемнің еркек жібі мен ұрғашы жібін ерсілі – қарсылы, жоғарылы-төменді алмастырып тұратын белағашпен қатар жатқан ағашты адарғы дейміз.	1
25	Белағаш деген не?	Бұл – кілем тоқу үшін керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағаш пен таныстыруу	1
26	Кергі ағаш.	Кілем тоқылатын, оның жібін керіп тұратын арнайы ағаш. Мұнда желінің басынан және аяғынан кілем тоқылатын орында жіп жүгіртіледі де, бұл ағаш оны керіп тастайды. Тоқылатын кілем мөлшеріне сәйкес желі аз да, көп те болуы мүмкін.	1
27	Өрмекпен тоқылатын кілемдер	Құнды бұйым-кілем өндіру үрдісі екі түрлі әдіспен жүзеге асырылады. Біріншісі – қолмен кілем тоқу, екіншісі – машинамен кілем жасау. Қолмен кілем тоқу ағаштан жасалынған тоқыма станоктарында атқарылады. Қолмен тоқылған кілемдер өте берік болып, кейде жүз жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады. Қолдан түкті кілемді тоқығанда оған қажетті заттар: жүн (қойдың, ешкінің,	1

		түйенің), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері.	
28	Кілемнің түрлері мен түстері.	Қазақтың терме өрмегімен кілем, тақыр кілем, құр, таңғыш, желбау, бесбау, есіктің тастамасы, қоржын, сандық қап тәрізд ібұйымдар тоқылады. Қазақ халқының қолөнерін зерттеуші С.Қасиманов өрмекпен тоқылатынүйжиһазына кілемді де жатқызады. Сол себепті біз өз мақаламыздың атын «Кілем – көріктіжиһаз» деп атаған болатынбыз.	1
29	Еркек жіп.	Ол – кілем тоқу үшін керілген желі жіптерінің күзуде тұрған үстіңгі жіптері екендігін балаларға ұғындыру.	1
30	Ұрғашы жіп.	Бұл – керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптерінің атауы екендігін түсіндіружәне мұқият көрсету.	1
31	Кестелі өрнек	Кесте көне ою-өрнекті әшекелеудің ертеден келе жатқанын элементтерінің басты түрі екендігін балаларға ұғындыру және көрсету.	1
32	Кілемді сақтау әдістері.	Кілемнің тозбауы және әдемілігі мен қылдақтығын арттыру үшін оның астына киіз немесе жұмсақ резеңке салады. Еденге төселетін кілемнің орнын ауыстыра отырған жөн екендігін айту.Кілемді дұрыс сақтау әдістерін меңгерту.	1
33	Қазақ кілемдері.	Түкті, тықыр, барақ кілемдер. Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Арқада түкті, тықыр, араб кілемдерін тоқу, Семейде кілем кестелеу күшті дамыған. Түксіз қазақ кілемдерін тоқудың бірнеше тәсілі қолданыста. Оның кең тараған түрі – басты өрнектерінің «араби» болып жасалынатыны. Яғни, мұндай кілемді тоқуда жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастыра отырып, арабы кілемнің әсем суретін құрайтынын балаларға меңгерту.	1
34	Кілемнің ою-өрнегіндегі бояулар.	Мал шаруашылығымен айналысқан (қой, түйе өсірген) барлық халықта да кілем тоқу өнері дамыған. Олардың кілемдері де, алаша, текеметтері де сан алуан түр мен түске толы. Бәрі де құлпырып көз тартады. Негізінен, қазақта кілемше теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері ашық та арайлы көп түсті бояумен боялса, кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектерді көбірек жүргізу дәстүр болып қалыптасқанын балаларға ұғындыру.	1
35	Түрлі-түсті жіптермен кілем	Жақсыиірілген, әдемі боялған түрлі-түстіжіптерменкілемтүгі былай шығарылады: әр	1

	түгін шығару.	түрлі бояулы жіптерді әр бір екі өріс жібіне түйілдіреді.	
36	Кілем тоқылатын құрылғы.	Кілем тоқитын заманымыздың соңғы жаңалықтарымен жасалған арнайы станоктар ауылдық жерлерде болған жоқ, қазір де кездеспейтінін әңгімелеу. Соған қарамастан, кілем тоқушы шеберлер арнайы жабдық, құрылғыларды ойлап тауып, тиімді пайдалана білгендіктерін айта отырып балалаларға кілем тоқылатын құрылғының адамның ойлау қабілетінің тереңдігінен пайда болғандығын ұғындыру.	1

Вариативтік компонент «Сиқырлы кілем» (5-жастан бастап) балаларға арналған.

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Кілем тоқу тарихынан .

Міндеттер: Үй жиһазы – кілемді жерге жайсаң – төсеніш, қабырғаға ілсең – сән. Оны негізінен, сәндік, бөлме жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету мақсатында тұтынады. Ол – қазақ халқының көне заманнан бері келе жатқан дәстүрлі үй мүлкінің көріктісі екендігін балаларға ұғындыру.

Билингвалдық компонент компоненті:

Кілем-ковер

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрау

Күз мезгілінің ерекшеліктерін атап өту

Бейне таспа көрсету кілемнің шығу тарихына назар аудару

Негізгі бөлім:



Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз.
2. Жіп

Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Мысалы:

1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын орағыш тоқуға, баскиім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадаң, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасауға болады.
2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түтікше пластмасса кигізілген қарапайым біз.
3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Д.Ойын:

Шарты: Қағаздан қиылған кілемді құрастыру.

Шарты: Желім арқылы кілемді түсіне сәйкес орналастыру.

Сергіту сәті:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер » тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Біз

Міндеттер: Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға мойын орағыш тоқуға арналғанын көрсете түсіндіру.

Полингвалдық компонент компоненті: Біз-

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету кілемнің шығу тариқына назар аудару

Негізгі бөлім:

Бізбен тоқу

Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана ұшты және иілме (айналдыра тоқитын) болып келеді. Олардың темірден, ағаштан, пластмассададан жасалған түрлері бар. Тігіссіз бұйым тоқу үшін иілме біз немесе бес, төрт және үш инелі біздер пайдаланылады. Біз жіптен екі есе жуанырақ болуы керек. Қөсымша жіп қосып жуандату немес жіпті жіңішкертіу есебінен, затты қалың не жұқа етіп тоқу (біз бен жіп диаметрінің әртүрлілігі) арқылы, пішілген үлгіге немесе есепке сай тоқу үлгісі өзгеріп отырады.

Бұйымның тоқылу түрі:

біртегіс - оң және теріс жағы болады, оны ұзынынан немесе керісінше түзу екі бізбен, немесе иілмелі сымды айналдыра тоқиды;

бітеу етіп - айналдыра тоқылады, мұны тек оң жағынан және бес бізді немесе иілмелі сымды пайдаланып тоқиды.

Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз.
2. Жіп

Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Мысалы:

1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын

орағыш тоқуға, баскиім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадан, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасауға болады.

2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түтікше пластмасса кигізілген қарапайым біз.

3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Сергіту сәті:

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Ілмек

Міндеттер: Ілмек біз- аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі екендігін ұғындыру.

Полингвалдық компонент компоненті: Ілмек-кречок


Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту

Негізгі бөлім:



Тізбек (цепочка) бірнеше ұлпілдек шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар (немесе тоқылуға тиіс бар бұйымның бастапқы негізі) болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасайды да, жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасынан өткізіп алады. Осылайша қайталана береді.

Қысқа шалу (полустолбик). Ілмекті тізбектегі 3-шалудың алдынан артына қарай өткізеді. Содан соң ілмекке жіпті орап, оны ілмектегі екі шалудан өткізіп алады. Жай шалу (столбик без накида). Ілмекті тізбектегі 3-шалудың алдынан кері қарай өткізеді. Ілмекке жіпті орап, шалып алады, сонан соң жіпті тағы орап, оны ілмектегі екі шалудан өткізіп алады.

Нық шалу (прочный столбик). Ілмектің сабына жіпті орап алып, ілмекті тізбектің 3-шалуына алдынан артына қарай өткізеді. Ілмекке жіпті орап шалып алады да, жіпті тағы да орап, енді оны ілмектегі үш шалудан өткізіп алады.

Бос жіп қосылған шалу (столбик с накидами). Бағананың (шалудың) биіктігін көтеру үшін оны бір не бірнеше бос жіп қосып тоқу керек. Ілмекке жіпті орап, бұрынғы қатардағы не тізбектегі 4-шалудан өткізеді де, оған қайта жіп орап, 1 шалуды тартып шығарады, жіпті қайта орап, оны ілмектегі шалу мен бос жіптен (2 шалу) өткізеді, жіпті тағы орап, оны да ілмектегі соңғы 2 шалудан өткізіп алады. 2 не 3, одан да көп бос жіп қосылған бағана жасау үшін соған сәйкес ілмекке 2 не 3 бос жіп қосып шалу жасап отыру қажет, содан соң біртіндеп ілмекте 1 жіп қалғанша 2 жіптен қосып тоқи береді, ол үшін ілмекті соған сәйкес 5-, 6-, 7- т. б. шалулардан өткізіп отырады. Ал ілмектің ұшында әрқашан бір шалу қалып отыру керек ^[2].

Бос жіп қосылған рельефті оң шалу (рельефный лицевой столбик с накидом). Ілмектің сабына жіпті орап, ілмекті бұрынғы қатардағы

шалудың түбін орай алдыңғы жағынан өткізеді де, бір шалуды тартып шығарады. Одан соң жіпті тағы орап, оны ілмектегі шалу мен бос жіптен өткізеді, жіпті тағы орап, оны ілмекте қалған 2 соңғы шалудан өткізеді.

Бос жіп қосылған рельефті теріс шалу (рельефный изнаночный столбик с накидом). Ілмектің сабына жіпті орап, ілмекті бұрынғы қатардағы шалудың түбіне орай сыртқы жағынан өткізіп, 1 шалуды теріс жағынан тартып шығарады, шалу мен бос жіптен өткізеді, жіпті тағы орап, оны ілмекте қалған 2 соңғы шалудан өткізеді.

Тоқыманы тарылту және кеңейту.

тоқыманы тарылту - тоқыманың ортасынан не екі шетінен шалулар мен үлпілдек шалуларды қысқарту арқылы орындалады;

кеңейту үшін қатарға жаңа шалулар мен үлпілдек шалулар қосылады.

Түймеге арналған ілгек.

Көлденең ілгек - кезекті бірнеше шалуды (түйменің көлеміне қарай) қалдырып кетіп, оның үстіне бірнеше үлпілдек шалу жасайды. Келесі қатарда сол үлпілдек шалудың үстінен жаңа шалулар жасап, тоқуды жалғастыра береді.

Тігінен келетін ілгек - сол ілгек болатын жерге дейін тоқып, кері қайтады. Сөйтіп 3-5 қатар әрлі-берлі тоқиды (түйменің көлеміне байланысты). Содан соң басқа шумақ жіптен жаңағы ілгек қалатын жердің келесі жағынан да жоғарыдағыдай 3-5 қатар тоқиды. Әрі қарай бәрін қайта қосып, тоқуды жалғастырады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер » тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Иірілген жіп

Міндеттер: Кенеп жіп, мақта жіп, жүннен иірілген жіп, жібе жіп синтетикалық жіп, аралас жіптердің пайдасын меңгеру

Полингвалдық компонент компоненті: Жіп

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтар жасыру.

Күз мезгілінің айларын атап өту.

Негізгі бөлім:

Түрлі-түсті жіптермен кілем түгін шығару. Жақсы иірілген, әдемі боялған түрлі-түсті жіптермен кілем түгі былай шығарылады: әр түрлі бояулы жіптерді әр бір екі өріс жібіне түйілдіреді.

Бұлар көбінесе, қос шалымды, кейде бір жарым шалымды тұзақша түрін де болады, ұшы бетіне шығарылады, сосын қырқып тасталынып отырады.

Ал, бірыңғай қатар жатқан тұзақшалардан соң арқау жібін жүргізеді, сөйтіп, алдыңғыларына қарай оны тарақпен нығыздай қағып қояды.

Кілем түгі үшін жүннен иірілген жіпті (кейде жібек жіп), өріс және арқау үшін мақта жіпті пайдаланады.

Жіппен жасалатын амалдар:

Шатыс. Керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуын «шатыс» дейді.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер » тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Бізбен тоқу

Міндеттер: Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана ұшты және иілме (айналдыра тоқитын) болып келетінін, олардың темірден, ағаштан, пластмассадан жасалған түрлерін балаларға көрсету.

Полингвалдық компонент компоненті: Біз-

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету

Негізгі бөлім:

Балаларға түсіндіру

Бізбен тоқудың барысы

Алғашқы қатар. Жіпті сол қолға алады. Екі бізді біріктіре ұстап, тоқылатын шүйке жіптің астынан өткізеді, сұқ саусақтағы жіпті бізбен іліп алып, бас бармақтағы жіпті шалу арқылы өткізеді. Бас бармақты шалудан босатып, жіпті тарту керек. Әрбір келесі шалуды шығару үшін осы әдістерді қайталайды. Сонда алғашқы қатарды құрайтын жіптер тізбегі шығады.

Шеткі шалулар - әр қатардың бірінші және соңғы шалулары. Бірінші шеткі шалуды (қатардың басындағы) оң бізге тоқымай алады. Тоқыма жолақ салынып немесе әр түрлі жіптермен өрнектеліп тоқылған кезде бірінші шеткі шалу басқа түсті жіпке ауысарда жіпті ең шетінде бекітетіндей етіп оң шалу жасайды. Қатардың соңғы шалуы оң немесе теріс шалумен тоқылады.

Шеткі жиек. Жиек шеті түзу болып (бұрымша) шығу үшін қатардың соңғы шалуын теріс алу керек те, ал келесі қатардағыны оң бізге тоқымай бос алады (мұндайда тоқылатын жіп біздің артында қалуы қажет). Жиек шеті біртегіс болмауы (тігісті) үшін қатардың соңғы шалуын оң тоқыып, бұл шалу бірінші болатын келесі қатарда оны тоқымай алады.

Оң және теріс шалулар. Оларды екі түрді тәсілмен тоқуға болады.

1 - тәсіл: оң шалу бергі жіп арқылы тоқылады, оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы жіпті іліп алып шығады.

2 - тәсіл: ескі тәсіл, сондықтан осылай алынған шалуларды кейде "әженің шалулары" деп атайды. Оң шалуды арғы жіппен, оң қолдағы бізді оңнан солға қарай өткізіп тоқиды.

Бос шалудың тура және кері түрлері.

Тура бос шалу: оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астына оңнан солға қарай салады.

Кері бос шалу: оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астынан солдан оңға, өзінен кері қарай өткізеді. Кері бос шалу барынша сирек қолданылады, себебі көптеген айшықтар (ағылшын резинкасы және т.б. сияқты) бұзылып кетеді, ал өрнекті айшықтарда мұндай бос шалудың тор көзі тым үлкен болады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Бізбен тоқудың барысы

Міндеттер: Алғашқы қатар. Шеткі шалулар. Шеткі жиек. Оң және теріс шалулар. Тоқымай алынған бос шалулар. Ұзартылған шалулар немесе орамалы шалулар деген ұғымдарын меңгерту.

Полингвалдық компонент компоненті: Тоқу-

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту

Негізгі бөлім:

Екі шалуды біріктіріп теріс шалумен алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды бірінші шалу жағынан (оңнан солға қарай) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

Екі шалуды біріктіріп айқасқан теріс шалумен алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 2-шалу, тоқыманың арғы беті жағынан (солдан оңға қарай) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

Шалуларды көбейту:

бір оң бір теріс шалуды кезектестіре отырып бір шалудан бірнеше шалу шығарады;

бос шалу арқылы (бір бос шалу, бір оң шалу т.б.);

сол қолдағы бізге алынған бос шалуды келесі біздің арт жағынан солдан оңға қарай тоқиды.

Өрнекті тоқыма. Өрнекті тоқыма шығару үшін оң қолдағы бізге бос шалу алады. Осыдан қосымша шалу пайда болады, бұл суретке байланысты не қалдырылады, не азайтылып кетеді. Бос шалу алынған жерде торкөз пайда болады. Торкөз кеңдеу болуы үшін 2 бос шалуды қатар алады да, олардың біреуін келесі қатарда оң не теріс шалумен тоқып, екіншісін босатып жібереді немесе бір бос шалуды оң, келесісін теріс шалумен, не керісінше тоқиды.

Бұрама шалулар. Бұрама жасау үшін бір немесе бірнеше шалуды қосымша бізге өткізіп алып, суретіне сәйкес тоқыманың алдыңғы және артқы жағында қалдырады, бұдан кейінгі шалуды немесе бірнеше

шалуларды тоқып алған соң қосымша біздердегі шалуларды тоқиды. Әуелі үстіңгі жақта тұратын шалуларды теріп алып, астыңғы жақа тұратын шалуларды тоқыманың арт жағына қалдыру керек, яғни шалулардың орнын ауыстырады.

Шырмаулы шалулар. Оң қолдағы біздің бойындағы 3- және 4-шалулар арасын немесе сол қатардағы шалуға яғни одан бірнеше қатар төменірекке өткізіп, тоқылатын жіптен ұзын шалу іліп шығарады. Бұл шалуларды бөлек не сол қатардағы немесе келесі қатардағы басқа шалумен (суретіне қарай) тоқиды. Оң қолдағы бізді сол қолдағы біздің бойына 4 қатар төмен орналасқан 2 және 3 шалулар арасына өткізіп, тоқитын жіптен ұзын шалу іліп алып, оны оң немесе сол қолдағы біздің ұшына ілу керек.

Созылған немесе тоқымай алынған шалулар. Шалуларды сол қолдағы бізбен оң қолдағы бізге тоқымай алады. Жіпті шығарылған суретке сәйкес тоқыманың алдына немесе сырт жағына қалдырады. Бір шалуды бірнеше қатар бойына тоқымай іліп алуға болады. Бір шалуды оң қатарда қайта-қайта тоқымай алып, ал теріс қатарда теріс шалумен тоқып отырса, тоқыманың тігінен бүктелер сызығын шығаруға болады.

Тоқымай алынған бос шалулар. Егер бір шалуды бірнеше қатарда тоқымай алса, әр қатарда шалудың тоқымай аларда және бұдан бұрынғы қатардың бос шалуының алдынан жаңа бос шалу алады. Тоқымай алынған шалуларды тоқығанда бізді барлығының және бос шалулардың астына өткізу керек.

Ұзартылған шалулар немесе орамалы шалулар. Оң қолдағы бізді оң немесе теріс тоқыған кездегідей шалуға өткізіп, оның ұшымен тоқитын жіпті іліп алып, сағат тілі бағытымен айналдыра отырып қажет санды орама жасайды. Келесі қатарда шалуды тоқып, орамаларды босатып қоя береді. Кей кезде ораманы босатып қоя беріп, шалуды бір бізден екіншісіне тоқымай алады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер » тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Тоқудың түрлері

Міндеттер: Шұлықша тоқу. Қуыстап тоқу. Орамалша тоқу. Резинка (ластик) тоқу түрлерін көрсетіп түсіндіру

Полингвалдық компонент компоненті: Тоқу-везять

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтар жасыру.

Күз мезгілінің айларын атап өту.

Негізгі бөлім:

Тоқу- жіпті шалып алып және сол шалуларды бір-бірімен біріктіре отырып бұйым жасау барысы. Тоққ қолмен және арнаулы машина арқылы жүргізіледі.

Шұлықша тоқу- айналдыра тоқығанда үнемі оң шалумен тоқиды; жазып тоқығанда – бір қатарда тоқыманың оң жағынан оң шалумен, екінші қатарды тоқыманың теріс жағынан теріс шалумен тоқиды.

Жіппен жасалатын амалдар:

Шатыс. Керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуын «шатыс» дейді.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды дарлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің № 8 конспектісі**

Тақырыбы: Ілмекпен тоқу

Міндеттер: Ілмектің көмегімен бұйым жасау барысы. Тоқыма тоқудың бір түрі.

Полингвалдық компонент компоненті:

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету кілемнің шығу тариқына назар аудару

Негізгі бөлім:

Ілмекпен тоқу барысында ілмектің болаттан, пласмассадан және ағаштан жасалынған түрлерін және олардың жіптің жуан-жіңішкелігіне сәйкес түрлі номерлері пайдаланылады.

Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады: жүннен, мақтадан, иірілген, жібек жіптер, синтетикалық және аралас жіптер.

Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады.

Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады.

Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық

ҰОҚ-не жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Машинамен тоқу

Міндеттер: Машинамен тоқыған кезде шалуларды көбейтуге не азайтуға, ластик (резинка) тоқуға, тігінен, көлбеуінен және көлденеңінен тілік түсіруге, "каре", жартылай дөңгелек мойын ойындысын шығаруға, шетті өңдеуге болатынын меңгерту.

Полингвалдық компонент компоненті: Тоқу-везять

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтар жасыру.

Күз мезгілінің айларын атап өту.

Негізгі бөлім:

Машина тығыздықты жүйелегішпен жабдықталған , бұл жіптің нөміріне қарай көлденеңнен және тігінен түрлі тығыздықта тоқылған бұйымдар шығаруға мүмкіндік береді.

Тоқу- жіпті шалып алып және сол шалуларды бір-бірімен біріктіре отырып бұйым жасау барысы. Тоққ қолмен және арнаулы машина арқылы жүргізіледі.

Шұлықша тоқу- айналдыра тоқығанда үнемі оң шалумен тоқиды; жазып тоқығанда – бір қатарда тоқыманың оң жағынан оң шалумен, екінші қатарды тоқыманың теріс жағынан теріс шалумен тоқиды.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: «Кілем өрмегі»

Міндеттер: Ерекше сән мен сұлулыққа толы үй жасауы – кілемнің өрмегін «Аспалы өрмек» немесе «Кілем өрмегі» деп атайды. Кілемнің бой жіптерінің жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізілуі осы кілем өрмегіне тығыз байланысты екендігін меңгерту.

Полингвалдық компонент компоненті: Кілем-ковер

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтар жасыру.

Күз мезгілінің айларын атап өту.

Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту

Негізгі бөлім:

Кілем- әсемдік үшін, сондай ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі- түсті ою- өрнек салып тоқылған бұйым.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс

хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлер

Міндеттер: Иірім жіп көп талшықтардың тіркесу күші және ширату арқылы байланыстыруымен алынатынын меңгерту.

Полингвалдық компонент компоненті:

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа

Балалардан сұрақ-жауап

Негізгі бөлім:

Ілмек бізбен тоқу кең тарап, тоқу арқылы жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерінде шеберлер өзінің өнерін

көрсету үшін ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерін ойлап тауып, сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

Шартты белгілер.

о- үлпілдек шалу. + жай шалу.

– -қысқа шалу. + – 1 бос жіп қосылған шалу.

Жай шалу – ілмекті тізбектегі 3 шалудың алдынан артына қарай өткізеді. Содан соң ілмекке жіпті орап, оны ілмектегі екі шалудан өткізіп алады.

Бос жіп қосылған шалу. Бағананың (шалудың) биіктігін көтеру үшін оны бір не бірнеше бос жіп қосып тоқу керек ілмекке жіпті орап, бұрынғы қатардағы не тізбектегі 4 шалудан өткізеді де, оған қайта жіп орап, 1 шалуды тартып шығарады жіпті қайта орап, оны ілмектегі шалумен бос жіптен (2шалудан) өткізеді, жіпті тағы орап, оны да соңғы 2 шалудан өткізіп алады. Ал ілмектің ұшында әрқашан бір шалу қалып отыру керек.

Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз, жіп, біз түрлері, бес біз, екі басы сым ілмек біз, ортасы түтікше пластмасса біз.

Қауіпсіздік ережесі:

1. Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған болуы керек.
2. Орындық арқасы сүйеніп, тік отыру қажет.
3. Тоқу кезінде арқасы бар орындықта басты сәл иіп отырады.
4. Ілмекбіздің ұшы қауіпсіз, шектелген болуы керек.
5. Тоқып жатқан жайма бүлінбеуі үшін және қолда иірімжіптің қиқымдары қалмас үшін тоқып бастағанда және аяқтағанда қолды жуу керек.
6. Жұмыс соңында барлық құрал-жабдықтар жәшікке жинап салу керек.
7. Ілмекбізді қорабымен алып жүру қажет.
8. Сарамандық жұмыс жүргізу:

«Ілмекбізбен іліп тоқу»

Жоғарыда мысалға келтірілген тоқу элементтерін пайдаланып, тоқып үйреніңдер. (Бос шалу, бос шалу тізбегі, орам, біріктіргіш бағанша, шалмасыз бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша.)

Сергіту сәті:

Қортынды:

Ілмекпен тоқуда негізгі элементтері – бос шалу, біріктіру бағаншасы, шалмасыз бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша, үш шалмалы бағанша, төрт шалмалы бағанша, пико, жарты бағанша және т.б.

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Зығыр жібі

Міндеттер: Зығыр талшығының тігін өндірісіндегі пайдалануы. Зығыр-зығырдың иірілген жібінен жасалынған мата екендігін балаларға көрсете түсіндіру.

Полингвалдық компонент компоненті: жіп-нитька

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту

Күз айларын атау

Күз мезгілінің өзгерістерін сұрау

Негізгі бөлім:

Зығыр, мақта иірімжібі, мохер, жүн иірімжібі, ангор, кашемир, альпак, вискоза, фасонды иірім жіп.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта қолдануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп, мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға дайындайды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл – қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30 см шамасында, сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі – 2, 5 мм, ал, сыртқы өлшемі – 30мм.

Зығыр сантехникалық жіп, бір айналымды, бөлшектеп сату үшін сығымдалған, сумен қамсыздандыру және жылумен қамсыздандыру жүйелерін мондаждауда қолданылады, жалпы азаматтық қолданыс, орамы 110мм

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Жіпті сирексіту.

Міндеттер: Керілген жіп желілерінің арасынан арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын тоқпақпен (оны кейде тарақ деп те атайды) түйгіштеп, сол желі жіптерінің арасын ажырататын құрал екендігін ескерту.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

Полингвалдық компонент компоненті:

Жіп-

Сирексіту-

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрау

Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атап өту

Бейне таспа көрсету кілемнің шығу тариқына назар аудару

Негізгі бөлім:

Жіпті сирексіту. Керілген жіп желілерінің арасынан арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын тоқпақпен (оны кейде тарақ деп те атайды) түйгіштеп, сол желі жіптерінің арасын ажыратады. Мұныңатауы – сирексіту.

Жіп иірудің екі түрлі құралы бар. Олар: ұршық және аяқпен айналдыратын жіп иіргіш. Ұршықпен жіп иірудің екі әдісі: шүйкені сол қолдың сыртына іліп қойып иіру; шүйкені жоғары (үйдің қабырғасына, сәкіге, керегеге және т.с.с.) іліп қойып иіру. Иіріп келе жатқанда жіп үзіліп кетсе оны шүйкенің ұлпілдек ұшымен жалғастыра қояды.

Д. Ойын:

Шарты: Қағаздан қиылған кілемді құрастыру.

Шарты: Желім арқылы кілемді түсіне сәйкес орналастыру.

Сергіту сәті:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Жіп жалғау.

Міндеттер: Керілген желі жіптерінің үзігін немесе қашқанын тауып байлауды «жіпжалғау» деп атайды. Егерде ол байланбаса, кілемге салынып жатқан түрдің қисық түсуі мүмкін.

Полингвалдық компонент компоненті: Жіп-нитка, Жалғау-

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрау

Бейне таспа көрсету Жіп жалғау тариқына назар аудару



Негізгі бөлім:

Жіп - қысқа талшықтардан ширатылған, [мата](#) және [трикотаж](#) тоқуға, киім, [кесте](#), т.б. тігуге, [арқан](#) [есуге](#), т.б. пайдаланылатын жеңіл [өнеркәсіп](#) өнімі. Жіп біртектес талшықтан (мыс., мақта талшығы, [зығыр талшығы](#)) немесе әр түрлі талшықтан (мыс., жүн мен [вискоз штапелі](#) талшықтарынан) иірілуі мүмкін. Жіптің ең басты сапалық сипаттамасы – жіңіш-келілігі (нөмірі) мен механикалық қасиеттері (беріктігі, созылымдылығы, ширағыштығы, тазалығы т.б.). Өндіру тәсіліне қарай тарақтап иірілген жіп, иіру машинасында әзірленген жіп болып бөлінеді.

Д.Ойын:

Сергіту сәті:

Біз бүгін немен таныстық?

Біз бүгін не үйрендік?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Жіптің қашуы


Міндеттер: Кілем тоқу үшін керілген жіп желісінің үзіліп кетуін шеберлер «жіптің қашуы», - дейді.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету Жіп туралы түсіндіру тариқына назар аудару



Негізгі бөлім: Жіп иірудің екі түрлі құралы бар. Оның біріншісі – ұршық. Екіншісі – аяқпен айналдыратын жіп иіруіш. Ұршықпен жүн иірудің де екі түрлі әдісі бар. Бірі – шүйкені сол қолдың сыртына іліп қойып иіру, екіншісі – шүйкені жоғары (үйдің қабырғасына, сәкіге, керегеге және т.с.с.) іліп қойып

иіру. Екеуінде де иіруші шебердің созу, оны [мұрындыққа](#) іліп, иіріліп келе жатқан жіпті буылдықсыз біркелкі етіп сыптығырлай отыруын, саусақтарының шебер, ширақ қимылдауын керек етеді. Иіріп келе жатқан жіп үзіліп кетсе, оны шүйкенің үлпілдек ұшымен жалғастырады. Егер оның біраз жері жуандап кетсе, не жіңішкерсе онда оны тарқатып қайта иіру қиын. Сондықтан жіптің ондай жерін үзіп тастап, тегіс жерінен қайта жалғап иірген дұрыс. [Шұлық](#), [ұйық](#), қолғап, шарф, шәлі жіптері өрмек, шуда жіптері сияқты өте пысық иірілмейді. Өйткені бұлай иірілген жіп тоқуға бөгет жасайды, ал тоқылып шыққан заттар өте дөрекі және тықыр болып шығады. Қолғап пен ұйықты кейде мықты болу үшін екі қабатталған жіппен тоқиды. Бірақ мұндайда екі жіпті қосып, қатты ширатудың қажеті жоқ. Тоқуға арналып иірілген жіп домалақтанып жиналады.

Сергіту сәті:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектісі.**

Тақырыбы: Қолмен тоқу

Міндеттер: Қолмен тоқу кезінде сіз бір уақытта бір тегіс жасау және бір уақытта ілгегіңізде алтыдан көп ілмек болатынын балаларға меңгерту

Полингвалдық компонент компоненті: Қол-рука тоқу-


Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту

Негізгі бөлім:



Қолмен тоқу - матаны матаны алу немесе қарапайым құралдарды (қамыс, шымтезек, шоқ) пайдалану, олар өзара бір-бірімен реттелген жіптердің екі жүйесін қию арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақытта қол тоқу дәстүрлерін қайта жаңғыртуға қызығушылық бар. Дәстүрлі қолөнерді зерттеуге арналған көптеген орталықтар бар, көрмелер мен фестивальдар өткізіледі. Сонымен қатар, тоқыма суретшілер жаңа формаларды іздейді, ал қолмен тоқу кейде күтпеген жағынан көрінеді.

Интернетте қолмен тоқу үшін көптеген нұсқалар бар. Кілемдерден киімге дейінгі көптеген идеялар.

Бұл түрдегі техниканың көптеген құрылғылары (плиталар, құстар) қолданылады. Тоқу шикізаты: жүн, зығыр, мақта және жібек. Тоқу - бұл өте күрделі процесс, ол көп уақытты қажет етеді.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Кілемнің пайдасы зияны

Міндеттер: Қазір байқап қарасаңыздар, шаң жинайды, қағып-сілкуге, тазалауға қиын деген сылтаумен көп үй киіз бен қолдан тоқылған кілемді пайдаланбайтын болған. Оның орнына синтетикасы көп зауыт-фабриканың заманауи бұйымдары көбейген түрін көрсетіп түсіндіру.

Полингвалдық компонент компоненті: Кілем-ковер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету

Негізгі бөлім:



Кілем^[1] (Ковер) — әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті [ою-өрнек](#) салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. [Түкті кілем](#) бірнеше қабаттан тұрады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекеленген жіптерден, бірақ бір-біріне тығыз орналасқан

түйіндерден тұрады. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылғаннан кейін пайда болатын қалың түк мұндай түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырумен бірге оны жеңіл (барқыт тәрізді үлпілдек) етіп көрсетеді. Тықыр кілем (кілем, палас, сумаха, шпалер, терме алаша және т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскиіз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Дайындалу тәсіліне қарай кілемдердің қолдан және машинамен тоқылған түрлері болады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі.

Тақырыбы: Тарту жіп

Міндеттер: Белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіпті осылай деп атайды.

Полингвалдық компонент компоненті: Тару-Тинить, Жіп-Нитка.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бейне таспа көрсету, түсіндіру



Негізгі бөлім:

Қандай да болмасын машинамен жұмыс істеу алдында мына дайындық істерін атқару қажет:

- үстіңгі және астыңғы жіптер өткізіліп, астыңғы жіп үстіне шығарылады;
- мата табанның астына салынып ине тесілгеннен соң табан түсіріледі де, жіптер жинақталып, табанның астына жіберіледі;
- инешаншымның ұзындығы, үстіңгі және астыңғы жіптердің керілуі тексеріледі /тігіс сапасы/

Жіптің тартылуын реттеу

Тігін машинасына тігіс үстіңгі /ине/ және астыңғы /шөрмек/ жіптердің айқасуынан пайда болады

Үстіңгі жіпті өткізгенде, жіп екі дөңгелектің, яғни үстіңгі жіпті тартып тұратын шайбаның арасынан өткізіледі, ал астыңғы жіпті шөрмектің қақпағындағы жіпті тартып тұратын серппеден өткізеді. Осы құрылғылар арқылы жіптің тартылуын реттейді.

Реттеуіштің көмегімен жіпті босатып немесе қатты тартып реттеуге болады.

1 – винтті тығырық

2 – теңгерілмелі серіппе

3-жіп тартқыш шайба

4 – тарту шайбалары

5-қалпақ

6 – тарту серіппесі

7 – бұрандалық

Астыңғы жіп реттеуштегі шөрмек қақпағынан бос шығып тұрған жіпті тартып көру арқылы жіптің бос немесе тығыз тартылуын байқауға болады.

Үстіңгі және астыңғы жіптерді дұрыстап реттемесе, тігіс сапалы болмайды. Жіп жақсы реттелмеген жағдайда, тігістің үсті немесе асты ілмектеле береді, ол аине, тігіс сапасын төмендетеді. Керісінше, жіптердің тартылуы өте тығыз болған жағдайда, тігіс тығыздалып тартылып қалады. Бұл ретте де тігісті сапалы деп айтуға болмайды сондықтан алдымен үстіңгі жіптің тартылуын, кейін астыңғы жіпті реттеу керек.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

**Мектепалды даярлық «Гүлдер » тобының ұйымдастырылған оқу
қызметінің конспектiсi.**

Күні: 19.01.21

Тақырыбы: Арқау.

Міндеттер: Еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін бас жағындағы шатысты ұстап тұратын жіпті шеберлер осылай деп атап кеткен.

Полингвалдық компонент компоненті: жіп-нитька

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу, сұрақ-жауап

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту

бейнетаспа

Негізгі бөлім:

Арқаудың ыдырауы- арқаудағы қысқа , жуан жерлер, ол-арқау жібі бумасымен собықтан түсіп кетіп, сол бетімен тоқылған жағдайда болады;

Арқаулық ілмектер , ілмек –ширатылмалар –арқау жіп әлсіз тартылғанда болады.

Жіптің түйіні арқаумен дұрыс айқаспағандықтан негізгі жіптің кемінде үшеуінің үзіліп кеткендігінен болады.

Жыртығы , ойығы, тігіндісі- тоқыма станоктың бөлшектерінің кінәсін болған көлемі арқалай тесіктер;

Былғанумен май дақтары-матаға немқұрайлы қарағандықтан және тоқыма станогын шылқылдата майлағандықтан болады;

Түрлі арқау –ширатумен жуандығы басқа жіп салынған шпульді тоқыма стангіна арқа орнына пайдаланғанда шығатын жолақ.

зығыр, мақта иірімжібі, мохер, жүн иірімжібі, ангор, кашемир, альпак, вискоза, фасонды иірім жіп.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта қолдануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №20 конспектісі.

Күні:28.01.21

Тақырыбы: Жіппен жасалатын амалдар

Міндеттер: Шатыс. Керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуын «шатыс» дейді.

Полингвалдық компонент компоненті:

Шатыс-путаница, керілген жіп-натяжная нить.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Өткен тақырыптарды қайталап өту.

Не жасағандары туралы шолып өту.

Шатыс, керілген жіптерді түсіндіріп өту.

Негізгі бөлім:

Еркек жіп – кілем тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері.

Ұрғашы жіп – керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптері.

Күзу – керілген желі, төсек жіптің орта шенінен көлденең түскен белағашпен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіп.

Тарту жіп – белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіп.

Шатыс – керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасу. Былайша айтқанда шатыс ардағыны

шеңбердің өзіне қарай тартқанда ұрғашы жіп жоғары шығып, оны кейін итергенде еркек жіп жоғары шығып, алма кезек айқасып отырады. Мұндай құбылысты шеберлер шатысу деп атайды.



Сергіту сәті:

Қорытынды: балалардан бүгінгі күні не туралы өткеніміз туралы сұрақ – жауап алу.

Мектепалды даярлық (5-6ж) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №21 конспектісі.

Күні:04.02.21

Тақырыбы: Қайшы.

Міндеттер: Керілген желідегі жіпке шалынғаннан соң тегістеу үшін қажет. Осы қайшымен кілемнің түгін қырқып, тегістейді.

Полингвалдық компонент компоненті:

Қайшы-ножница, кілем-ковер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Өткен тақырыптарды қайталап өту.

Не жасағандары туралы атап өту.

Кілемнің түгін қалай тегістеу керек екенін айту.

Негізгі бөлім:

Қайшы – керілген желідегі жіпке шалынғаннан соң тегістеу үшін пайдаланылатын құрал. Осы қайшы арқылы түгі қырқылып тегістеледі. Ши тоқу өнері бұрын көшпелі және жартылай отырықшылдықта тіршілік еткен Орта Азия халықтарына (қазақтар, қырғыздар, түрікмендер, жартылай отырықшы өзбектер, қарақалпақтар) көне заманнан белгілі. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажетіне тоқылған ши қазірге дейін кең түрде пайдаланылып келеді. Оны киіз үйдің құрамы бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ қазақтар мен қырғыздарда оларды үйдің ішіндегі аяқ-табақ, ошақ басын қоршап қою үшін де қолданады. Тоқылған шиді киіз үйдің есігінде ұстау үшін де пайдаланады. Сондай-ақ киіз үйге төселген киіздің ылғал тартып бүлінбеуі, тез тозып қалмауы үшін төсеніші ретінде киіз астына төсейді.

Тоқылған шиді қазақтар сияқты қырғыздар да, жартылай көшпелі басқа да шығыс халықтары да пайдаланып келді. Мәселен, оны құрт жайып, тары сүзу үшін шыпта жасау сияқты күнделікті тұрмыс қажетіне де ерте заманнан-ақ пайдаланған.

Тығыз тоқылған шиді күннің суық кезінде киіз үйдің керегесіне тұтқанда үйдің жылы болуына әсері тисе, күннің жылы кезінде туырлығын жоғары түріп қойып, үй ішін салқындатуға жақсы.

Ши өңдеу, тоқу өнерімен қазақтар, қырғыздар, сондай-ақ Орта Азиядағы басқа да халықтарда көбіне әйелдер айналысқан. Жай ғана ақ шиден өзіне керекті күнделікті тұрмыста пайдаланылатын затты әрбір әйел өздері тоқып алады.

Ерте кезде тұрғын үйдің негізгі түрі тек киіз үй болған уақытта ши дайындауға топталып, әйелдермен бірге ер кісілер де баратын болған. Ерлер жағы ши өсімдігін түбімен қопарып оны түйеге, езгіге немесе атқа арту сияқты ауыр жұмыстарды атқарған. Шиді күзге қарай дайындаған.

Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тіке қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Оны үйдің ішіне, жабық қораға немесе бастырманың астына орнатады. Киіз үйдің ішінде станоктың екі жағындағы ашалы ағашы керегеге байланып (екеуінің арасы қандай нәрсеге арналып тоқылатын шидің еніне байланысты)

төменгі жағы жай ғана жерге бекітіледі. Ашаның үстінен көлденең қойылған сырықтың биіктігі түрегеліп тұрып істеуге ыңғайлы болуы тиіс. Өйткені, қой жүнінен көбінесе қоңыр жүннен иіріп, тас немесе басқадай салмақты зат байлаған және бір біріне қарама-қарсы орналасқан екі жіптің екеуін екі қолмен ұстап тұрып, кезекпе-кезек қарсы бағытта сырықтың үстінен асырып отырады. Ондай жіптің арасы 10-15 см болады да, саны жиырма-отыз шамасындай болуы мүмкін. Сөйтіп, көлденең сырықтың үстіне қойылған бір ши бастан-аяқ байланып болған соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиден ғана қабаттап бекіту шарт емес, оны үш шиден де крест салып байластыруға болады. Мұны ши тоқушылар «шыбын қанат» деп атайды. Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу кезеңінде шамамен алғанда 20-40 см болуы керек. Бұл шидің екі шеті қалың болып, тез тозып қалмауына себебі тиеді. Ши тоқушылар тоқылған шидің бұл бөлігін қарақұс деп атайды. Шиді байлау үшін қарақұсқа бекітілген бауды шибау деп атайды.

Қазақ халқының саласында ши өңдеу, оған жүн орап, өрнектеп безендіру, түр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас қалып жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши деп үш топқа бөлінеді. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады.

Мысалы, қабығынан тазартылған ақ шиді көбінесе, ірімшік, т.б. жаю үшін, сондай-ақ сүзгіш шыпта жасау, үйдің төбесін біртегіс сылауға ыңғайлы болу үшін қолданылатын болса, ұзына бойы түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһазының бірі болып есептеледі. Ал өн бойы тұтас оралмай әр жерінен аралатып оралатын шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды.



Сергіту сәті:

Қорытынды: балалар қайшы дегеніміз не ? Онымен не істей аламыз?

Мектепалды даярлық (5-6ж) «Гүлдер-» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №22 конспектісі.

Күні:11.02.21

Тақырыбы: Тоқпақ.

Міндеттер: Ол керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан арқау жіп өткізілгеннен кейін жіп арасын түйгіштейтін шеге тісті ағаштан жасалады. Атауы – тоқпақ, кейде оны тарақ деп те атай береді. Өйткені, бір жағынан тараққа да ұқсайды.

Полингвалдық компонент компоненті:

Тоқпақ-бутовый.

Әдіс-тәсілдер: білу, түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бүгінгі ауа-райын сұрап өту.

Жылдың қандай мезгілі екенін атап өту.

Негізгі бөлім:

Тоқпақ — қазық қағу үшін қолданылатын құрал. Тоқпақ көбіне сабымен бірге алынған қайыңның безінен жасалады. Тоқпақ неғұрлым салмақты болса, қазық жерге солғұрлым оңай кіреді. Тоқпақ жасалатын ағаттық қабығы аршылып, көлеңкеле кептіріледі. Сабы қолға ұстауға лайықтап жіңішкертіледі. Тоқпақ басының бұтақтары тазартылып тегістеледі. Тоқпақпен қаққан ағаш қазық жарылмайды. Кілем тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері. Керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптері.

Күзу – керілген желі, төсек жіптің орта шенінен көлденең түскен белағашпен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіп.

Белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіп.

Сергіту сәті:

Қорытынды: балалар тоқпақ дегеніміз не ? Тоқпақтың екінші түрін қалай атаймыз?

Мектепалды даярлық (5-6ж) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №23 конспектісі.

Күні:18.02.21

Тақырыбы: Аяқ.

Міндеттер: Белағашты көтеріп тұратын, аша басты тіреу ағаштың атауы – аяқ. Оны керілгенжелі-төсек жіптің бел ағашының екі басына тіреп қояды.

Полингвалдық компонент компоненті:

Тіреу ағаш- опора деревянная

Әдіс-тәсілдер: білу, түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Бүгінгі ауа-райын сұрап өту.


Жылдың қандай мезгілі екенін сұрау.

Негізгі бөлім:

Аяқ – белағашты көтеріп тұратын, аша басты тіреу ағаш. Керілген желі – төсек жіптің белағашының екі басына тіреліп қойылады.

Белағаш – кілем тоқу үшін керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағашты белағаш деп атайды.

Кергі ағаш – кілем тоқылатын, желінің басынан және аяғынан кілем тоқылатын орында жүгірілген жіпті керіп тұратын ағаш. Оның тек қана ағаш болуы шарт емес, үй иесінің тапқан материалына қарай оның кейде құбыр тәріздес затқа немесе қазыққа мықтап керілген жуан арқан болуы да мүмкін. **Керілген төсек-желінің** жалпы саны орта есеппен еркегі – 600 (үстіңгі) жіп, ұрғашысы – 600 (астыңғы) жіптей болу керек. Үй иесінің тоқылатын кілем мөлшеріне қарай желі мөлшерінің бұдан аз да, көп те болуы мүмкін.



Сергіту сәті:

Қорытынды: бүгінгі өткен тақырыптан сұрақ-жауап алу.

Мектепалды даярлық (5-6ж) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің №24 конспектісі.

Күні: 25.02.21

Тақырыбы: Адарғы.

Міндеттер: Кергі ағашта тоқылып жатқан кілемнің еркек жібі мен ұрғашы жібін ерсілі –қарсылы, жоғарылы-төменді алмастырып тұратын белағашпен қатар жатқан ағашты адарғы дейміз.

Полингвалдық компонент компоненті:

адарғы- адарга, жіп-нитка.

Әдіс-тәсілдер: білу, түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Қыс мезгілінің құбылыстарын сұрау.

Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Басқа жыл мезгілдеріне қарағанда несімен ерекше?

Негізгі бөлім:

Адарғы — өрмек жіптерінің астын-үстін көтере бөліп тұратын кергіш ағаш. Адарғы кепкен қатты ағаштан не тақтайдан жасалады, ұзындығы — 50, ені — 15, қалыңдығы — 2-3 см болады. Тақтайдың ортасы қалың, ал екі шеті жоңылған болып келеді. Қырларына өрмек жібі сиятындай етіп жіңішке өзекшелер түсірілген.

Қолданылуы

Өрмек, кілем тоқуда қолданылатын, оның жіптерінің асты-үстін көтере бөліп тұратын аспап кепкен ағаштан жасалады. Екі жақ шеті жоңылып, жүзі шығарылған, ортасы сәл дөңес, ені 20-25 см-дей тақтайдан жасалған өрмек жіптерінің жоғарғы және төменгілерін ауыстырып тұратын құрал.

Өрмек жіптері екіге бөлінеді: күзудегі жіп жоғары шығып, бос жіп күзудің астында қалады. Яғни екі жіп итіс-тартыс өзара айқас орналасады. Осы екі жіптің арасы 10-15 см қуыс болып келеді. Осы қуысқа қылыш өткізіледі. Содан кейін, жіптердің тиісті мөлшерін қолмен санап анықтап, алдыңғы жіптерді үстіне шығарып, үстіңгі жіптерді керісінше, жоғары шығарып, екі араға адарғы және онымен бірге бақылау жібі енгізіледі. Адар сөзі көне түркі тілінде кездеседі. Оның қазақша мәні - *айыр, ажырату, бөлу*. Ол туралы ауыз әдебиетінде: *Ұршық пенен адарғы, Киіндірген бабамды, Бәсең ине, кесте біз, Келістірген ажарды*, - деген жолдар кездеседі.



Сергіту сәті:

Қорытынды: бүгінгі өткен тақырыптан сұрақ-жауап алу. Адарғы дегеніміз не?

Ересек «Ботақан» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №25 конспектісі.

Тақырыбы: Белағаш.

Міндеттер: Бұл – кілем тоқу үшін керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағаш.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Кілем ерте кезден қазақ тұрмысында киіз үй мүлкінің бірі болып есептелсе, қазірдің өзінде де маңызы жойылған жоқ. Кілем – арнаулы қарапайым өрнек арқылы ерекше түр салынып, әрбір шаршы метріне шамамен 230-400-ге дейін, ал өнбойына бір миллионға жуық жіп тіндерін кетіріп өте тығыз тоқылатын аса бағалы бұйым.

Жазбаша ескерткіштерге қарағанда, бұрынғы замандарда киіз үйдің ішінен ұстап, еденіне төсеумен бірге, кілемді киіз үйдің туырлық пен үзігі орнына да жапқан.

Кілемнің үй тұрмысында ұзақ тұтынылуы, оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты болса керек. Сонау көне заманнан бергі келе жатқан халықтың дәстүрлі үй мүлкінің бірі — кілемнің құндылығы жағын сөз етсек, ол өзінің қолданылу жағынан көптеген материалдардан, тіпті металдан да асып түседі десек, артық айтпаған болар едік. Өйткені, кілем тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғалдық пен құрғақшылықты елең қылмайтын, күйде түсуден де қорықпайтын аса бағалы мүлік.

Оны алтын, күмістен қымбат бұйымдар сияқты баршылықтың, байлықтың бір белгісі деп білген.

Белағаш – кілем тоқу үшін керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағашты белағаш деп атайды.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай жіп түрімен таныстық?

**Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
вариативтік компонентінің №26 конспектісі.**

Күні:

Тақырыбы: Кергі ағаш.

Міндеттер: Кілем тоқылатын, оның жібін керіп тұратын арнайы ағаш. Мұнда желінің басынан және аяғынан кілем тоқылатын орында жіп жүгіртіледі де, бұл ағаш оны керіп тастайды. Тоқылатын кілем мөлшеріне сәйкес желі аз да, көп те болуы мүмкін.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Кілемнің үй тұрмысында ұзақ тұтынылуы, оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты болса керек. Сонау көне заманнан бергі келе жатқан халықтың дәстүрлі үй мүлкінің бірі — кілемнің құндылығы жағын сөз етсек, ол өзінің қолданылу жағынан көптеген материалдардан, тіпті металдан да асып түседі десек, артық айтпаған болар едік. Өйткені, кілем тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғалдық пен құрғақшылықты елең қылмайтын, күйде түсуден де қорықпайтын аса бағалы мүлік.

Оны алтын, күмістен қымбат бұйымдар сияқты баршылықтың, байлықтың бір белгісі деп білген.

Кергі ағаш — кілем тоқылатын, желінің басынан және аяғынан кілем тоқылатын орында жүгірілген жіпті керіп тұратын ағаш. Оның тек қана ағаш болуы шарт емес, үй иесінің тапқан материалына қарай оның кейде құбыр тәріздес затқа немесе қазыққа мықтап керілген жуан арқан болуы да мүмкін.

Керілген төсек-желінің жалпы саны орта есеппен еркегі — 600 (үстіңгі) жіп, ұрғашысы — 600 (астыңғы) жіптей болу керек. Үй иесінің тоқылатын кілем мөлшеріне қарай желі мөлшерінің бұдан аз да, көп те болуы мүмкін.

Белағаш — кілем тоқу үшін керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағашты белағаш деп атайды.

Адарғы — керілген жіп желісінің шатысын немесе күзусізін бетіне шығарып, былайша айтқанда еркек жіп пен ұрғашы жіпті ерсілі-қарсылы, жоғарылы-төменді алмастырып тұратын белағашпен қатар жатқан ағаш.

Аяқ — белағашты көтеріп тұратын, аша басты тіреу ағаш. Керілген желі — төсек жіптің белағашының екі басына тіреліп қойылады.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай ағаш түрімен таныстық?

**Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
вариативтік компонентінің №27 конспектісі.**

Күні:

Тақырыбы: Өрмекпен тоқылатын кілемдер.

Міндеттер: Құнды бұйым-кілем өндіру үрдісі екі түрлі әдіспен жүзеге асырылады. Біріншісі – қолмен кілем тоқу, екіншісі – машинамен кілем жасау. Қолмен кілем тоқу ағаштан жасалынған тоқыма станоктарында атқарылады. Қолмен тоқылған кілемдер өте берік болып, кейде жүз жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады. Қолдан түкті кілемді тоқығанда оған қажетті заттар: жүн (қойдың, ешкінің, түйенің), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-
thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet
knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Тоқылған шиді қазақтар сияқты қырғыздар да, жартылай көшпелі басқа да шығыс халықтары да пайдаланып келді. Мәселен, оны құрт жайып, тары сүзу үшін шыпта жасау сияқты күнделікті тұрмыс қажетіне де ерте заманнан-ақ пайдаланған.

Тығыз тоқылған шиді күннің суық кезінде киіз үйдің керегесіне тұтқанда үйдің жылы болуына әсері тисе, күннің жылы кезінде туырлығын жоғары түріп қойып, үй ішін салқындатуға жақсы.

Ши өңдеу, тоқу өнерімен қазақтар, қырғыздар, сондай-ақ Орта Азиядағы басқа да халықтарда көбіне әйелдер айналысқан. Жай ғана ақ шиден өзіне керекті күнделікті тұрмыста пайдаланылатын затты әрбір әйел өздері тоқып алады.

Ерте кезде тұрғын үйдің негізгі түрі тек киіз үй болған уақытта ши дайындауға топталып, әйелдермен бірге ер кісілер де баратын болған. Ерлер жағы ши өсімдігін түбімен қопарып оны түйеге, езгіге немесе атқа арту сияқты ауыр жұмыстарды атқарған. Шиді күзге қарай дайындаған.

Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тіке қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Оны үйдің ішіне, жабық қораға немесе бастырманың астына орнатады. Киіз үйдің ішінде станоктың екі жағындағы ашалы ағашы керегеге байланып (екеуінің арасы қандай нәрсеге арналып тоқылатын шидің еніне байланысты) төменгі жағы жай ғана жерге бекітіледі. Ашаның үстінен көлденең қойылған сырықтың биіктігі түрегеліп тұрып істеуге ыңғайлы болуы тиіс. Өйткені, қой жүнінен көбінесе қоңыр жүннен иіріп, тас немесе басқадай салмақты зат байлаған және бір біріне қарама-қарсы орналасқан екі жіптің екеуін екі қолмен ұстап тұрып, кезекпе-кезек қарсы бағытта сырықтың үстінен асырып отырады. Ондай жіптің арасы 10-15 см болады да, саны жиырма-отыз шамасындай болуы мүмкін. Сөйтіп, көлденең сырықтың үстіне қойылған бір ши бастан-аяқ байланып болған соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиден ғана қабаттап бекіту шарт емес, оны үш шиден де крест салып байластыруға болады. Мұны ши тоқушылар «шыбын қанат» деп атайды. Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу кезеңінде шамамен алғанда 20-40 см болуы керек. Бұл шидің екі шеті қалың болып, тез тозып қалмауына себебі тиеді. Ши тоқушылар тоқылған шидің бұл бөлігін қарақұс деп атайды. Шиді байлау үшін қарақұсқа бекітілген бауды шибау деп атайды. Қазақ халқының саласында ши өңдеу, оған жүн орап, өрнектеп безендіру, түр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас қалып жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши деп үш топқа бөлінеді. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады.

Өрнектеп ши тоқу өнерін де қазақ шеберлері қолданған. Олардың ши бетіне салған түрлері жүзтеру деп аталады. Әр қайсысы шаршыға тең алты шаршыдан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін, алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп-қонағанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қалмау үшін, алақан ши шым шидің екі жағынан салынады.

Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін, шиді айналдыра тұтуды – ши ұстау деп атайды.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Сұрақ-жауап

Қандай кілем тоқу түрімен таныстық?

**Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
вариативтік компонентінің №27 конспектісі.**

Күні:

Тақырыбы: Өрмекпен тоқылатын кілемдер.

Міндеттер: Құнды бұйым-кілем өндіру үрдісі екі түрлі әдіспен жүзеге асырылады. Біріншісі – қолмен кілем тоқу, екіншісі – машинамен кілем жасау. Қолмен кілем тоқу ағаштан жасалынған тоқыма станоктарында атқарылады. Қолмен тоқылған кілемдер өте берік болып, кейде жүз жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады. Қолдан түкті кілемді тоқығанда оған қажетті заттар: жүн (қойдың, ешкінің, түйенің), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Тоқылған шиді қазақтар сияқты қырғыздар да, жартылай көшпелі басқа да шығыс халықтары да пайдаланып келді. Мәселен, оны құрт жайып, тары сүзу үшін шыпта жасау сияқты күнделікті тұрмыс қажетіне де ерте заманнан-ақ пайдаланған.

Тығыз тоқылған шиді күннің суық кезінде киіз үйдің керегесіне тұтқанда үйдің жылы болуына әсері тисе, күннің жылы кезінде туырлығын жоғары түріп қойып, үй ішін салқындатуға жақсы.

Ши өңдеу, тоқу өнерімен қазақтар, қырғыздар, сондай-ақ Орта Азиядағы басқа да халықтарда көбіне әйелдер айналысқан. Жай ғана ақ шиден өзіне керекті күнделікті тұрмыста пайдаланылатын затты әрбір әйел өздері тоқып алады.

Ерте кезде тұрғын үйдің негізгі түрі тек киіз үй болған уақытта ши дайындауға топталып, әйелдермен бірге ер кісілер де баратын болған. Ерлер жағы ши өсімдігін түбімен қопарып оны түйеге, езгіге немесе атқа арту сияқты ауыр жұмыстарды атқарған. Шиді күзге қарай дайындаған.

Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тіке қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Оны үйдің ішіне, жабық қораға немесе бастырманың астына орнатады. Киіз үйдің ішінде станоктың екі жағындағы ашалы ағашы керегеге байланып (екеуінің арасы қандай нәрсеге арналып тоқылатын шидің еніне байланысты) төменгі жағы жай ғана жерге бекітіледі. Ашаның үстінен көлденең қойылған сырықтың биіктігі түрегеліп тұрып істеуге ыңғайлы болуы тиіс. Өйткені, қой жүнінен көбінесе қоңыр жүннен иіріп, тас немесе басқадай салмақты зат байлаған және бір біріне қарама-қарсы орналасқан екі жіптің екеуін екі қолмен ұстап тұрып, кезекпе-кезек қарсы бағытта сырықтың үстінен асырып отырады. Ондай жіптің арасы 10-15 см болады да, саны

жиырма-отыз шамасындай болуы мүмкін. Сөйтіп, көлденең сырықтың үстіне қойылған бір ши бастан-аяқ байланып болған соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиден ғана қабаттап бекіту шарт емес, оны үш шиден де крест салып байластыруға болады. Мұны ши тоқушылар «шыбын қанат» деп атайды. Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу кезеңінде шамамен алғанда 20-40 см болуы керек. Бұл шидің екі шеті қалың болып, тез тозып қалмауына себебі тиеді. Ши тоқушылар тоқылған шидің бұл бөлігін қарақұс деп атайды. Шиді байлау үшін қарақұсқа бекітілген бауды шибау деп атайды. Қазақ халқының саласында ши өңдеу, оған жүн орап, өрнектеп безендіру, түр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас қалып жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши деп үш топқа бөлінеді. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады.

Өрнектеп ши тоқу өнерін де қазақ шеберлері қолданған. Олардың ши бетіне салған түрлері жүзтеру деп аталады. Әр қайсысы шаршыға тең алты шаршыдан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін, алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп-қонағанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қалмау үшін, алақан ши шым шидің екі жағынан салынады.

Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін, шиді айналдыра тұтуды – ши ұстау деп атайды.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Сұрақ-жауап

Қандай кілем тоқу түрімен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №29 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Еркек жіп.

Міндеттер: Ол – кілем тоқу үшін керілген желі жіптерінің күзуде тұрған үстінгі жіптері.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай — түкті және тықыр; материалына қарай — жібек, масаты, қалы; шығаратын жеріне қарай — Қызылорда, Алматы, Жамбыл; ру үлгілеріне қарай — Адай, Керей, Қоңырат, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай — шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Қазақ кілемдері түркі тектес халықтар көлемдерінің қазіргі үлгілеріне өте ұқсас.

Негізінен қызыл, қаракөк, сары, күлгін, аспанкөк түстерді қолдану арқылы түрлі ою-өрнектер табиғат көріністерімен ұштастыра бейнеленеді. Қазақстанның оңтүстігінде түкті және тықыр кілемдерді қолдан тоқу дамыған. Олардың негізгі өрнектері — «күмбез», ал жиектерінде текшелі өрнектері «қорған» деп аталып, оны бойлай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды, қорғанын қуалай су жүргізілген қалайы елестетеді. Ою-өрнектерді белгілі мазмұнға құру текемет, сырмақ өрнектерінен де байқалады. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына түлкі ілген бүркіт, жан-жануар немесе табиғат көрінісі т. б. бейнеленеді. Геометриялық өрнектер өте басым. Қазақ кілемдеріндегі айшықты ою-өрнек әсері басқа халықтар кілемдерінен де байқалады. Мәселен, кавказ көлемдерінің бірі «**қазақ**» деп аталады.

1936 жылдан бері ұлттық үлгілерге жаңа мазмұн беруді көздейтін Алматы кілем тоқу фабрикасы жұмыс істейді. Мұнда кілем қолмен де, машинамен де тоқылады. Фабрика әртүрлі мерекелерге арналған, сондай-ақ ұлы адамдардың, көрнекті жазушы, қоғам қайраткерлерінің, мүшелтой иелерінің суреті салынған кілемдер де шығарады. Ал төсеніш, дастарқан т. б. ретінде пайдаланылатын кілемдер республиканың кейбір облыс орталықтарына шығарылады. Машинамен тоқылатын кілемдер сыртқы түрі мен ою-өрнегі жағынан қолдан тоқылған кілемдерден көп өзгешелігі болмаса да беріктігі мен төзімділік жағынан олардан төмендеу. Қолдан тоқылған кілем ұлттық ою-өрнек пен колоритті ұштастыра пайдаланған өте сапалы бұйым болып саналады.

Еркек жіп — кілем тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері.

Ұрғашы жіп — керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптері.

Күзу — керілген желі, төсек жіптің орта шенінен көлденең түскен белағашпен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіп.

Тарту жіп — белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіп.

Шатыс — керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасу. Былайша айтқанда шатыс

ардағыны шеңбердің өзіне қарай тартқанда ұрғашы жіп жоғары шығып, оны кейін итергенде еркек жіп жоғары шығып, алма кезек айқасып отырады. Мұндай құбылысты шеберлер шатысу деп атайды.

Шалу – керілген желіге салынатын түрлі еркек жіптен алып ұрғашы жіпке шалып орағанды шалу немесе түр шалу деп те атайды.

Арқау – еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін бас жағындағы кергіге шатысты ұстап тұратын жіп.

Жіп шалу – кілем тоқу үшін керілген жіп желісінің үзілуін жіптің қашуы деп атайды.

Жіп жалғау – керілген желі жіптерінің үзігін немесе қашқанын тауып байлау. Егер ол байланбаса кілемге салынып жатқан түр қисық түсуі мүмкін.

Сирексіту – керілген жіп желілерінің арасынан арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын тоқпақпен (мұны кейде тарақ дейді) түйгіштеп сол желі жіптерінің арасын ажырату.

Тоқпақ – керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан арқау жіп өткізілгеннен соң, жіп арасын түйгіштейтін шеге тісті ағаштан жасалған құрал. Мұны тарақ деп те айтады. Өйткені бір жағынан тараққа ұқсайтындығы бар.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Сұрақ-жауап

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай жіп түрімен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №30 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Ұрғашы жіп.

Міндеттер: Бұл – керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптерінің атауы.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай — түкті және тықыр; материалына қарай — жібек, масаты, қалы; шығаратын жеріне қарай — Қызылорда, Алматы, Жамбыл; ру үлгілеріне қарай — Адай, Керей, Қоңырат, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай — шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Қазақ кілемдері түркі тектес халықтар көлемдерінің қазіргі үлгілеріне өте ұқсас.

Еркек жіп – кілем тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері.

Ұрғашы жіп – керілген желі, төсек жіптің төменгі күзусіз жіптері.

Күзу – керілген желі, төсек жіптің орта шенінен көлденең түскен белағашпен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіп.

Тарту жіп – белағаштың үстінен екі басына бекітілген күзуді тартатын жіп.

Шатыс – керілген жіп желілерінің, яғни еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасу. Былайша айтқанда шатыс ардағыны шеңбердің өзіне қарай тартқанда ұрғашы жіп жоғары шығып, оны кейін итергенде еркек жіп жоғары шығып, алма кезек айқасып отырады. Мұндай құбылысты шеберлер шатысу деп атайды.

Шалу – керілген желіге салынатын түрлі еркек жіптен алып ұрғашы жіпке шалып орағанды шалу немесе түр шалу деп те атайды.

Арқау – еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін бас жағындағы кергіге шатысты ұстап тұратын жіп.

Жіп шалу – кілем тоқу үшін керілген жіп желісінің үзілуін жіптің қашуы деп атайды.

Жіп жалғау – керілген желі жіптерінің үзігін немесе қашқанын тауып байлау. Егер ол байланбаса кілемге салынып жатқан түр қисық түсуі мүмкін.

Сирексіту – керілген жіп желілерінің арасынан арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын тоқпақпен (мұны кейде тарақ дейді) түйгіштеп сол желі жіптерінің арасын ажырату.

Тоқпақ – керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан арқау жіп өткізілгеннен соң, жіп арасын түйгіштейтін шеге тісті ағаштан жасалған құрал. Мұны тарақ деп те айтады. Өйткені бір жағынан тараққа ұқсайтындығы бар.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Сұрақ-жауап

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай жіп түрімен таныстық?

**Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
вариативтік компонентінің №31 конспектісі.**

Күні:

Тақырыбы: Кестелі өрнек

Міндеттер: Кесте көне ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқанын элементтерінің басты түрі екендігін балаларға ұғындыру.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Түрікмен кілемдері «ушан», «құла» кілемі, «пенди», «гауһар», «иомуд», «бешир» т. б. деп аталады. Негізінен түсі қызыл, геометриялық түзу сызықты өрнектермен әсемделеді.

Кавказ кілемдері «куба», «шируан», «хила», «қазақ», «карабах», «дербент», «микрах», «ахты» т. б. деп аталады. Түрі қызыл, көк, көгілдір, алқызыл, сары, ақшыл түсті болып келеді. Ою-өрнек ретінде гүл, жапырақ, құс, жан-жануарлар бейнесі қолданылады.

Қытай кілемдерінде әртүрлі түстегі балық, жан-жануарлар, мифтік құбыжықтар, айдаһарлар т. б. бейнеленеді. Сондай-ақ лотос, таушымылдық гүлдері өрнектелген кілемдер де кездеседі. Олардың ортасы ою-өрнексіз көбінесе сары, қошқыл көк, алқызыл түсті болып келеді. Тағы бір ерекшелігі — оның түгі кілемдегі ою-өрнекті аша түсетін ыңғаймен ұзынды-қысқалы болып қырқылады. Ою-өрнек түгінің қысқа қырқылуы кілем түрінің Әдемілігін арттыра түседі.

Түрік кілемдері «анатоль», «анкара», «смирна», «бергамо», «брусса», «ушак» т. б. деп аталады. Гүлді (парсы көлемдеріне қарағанда бір жүйеге түсірілген) және ою-өрнекті болып келеді.

Француз кілемдері «савонарри», «обюссон» типіндегі кілемдерде гүл салынған ою-өрнекті суреттер басымдау болады.

Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай — түкті және тықыр; материалына қарай — жібек, масаты, қалы; шығаратын жеріне қарай — Қызылорда, Алматы, Жамбыл; ру үлгілеріне қарай — Адай, Керей, Қоңырат, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай — шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Қазақ кілемдері түркі тектес халықтар көлемдерінің қазіргі үлгілеріне өте ұқсас.

Негізінен қызыл, қаракөк, сары, күлгін, аспанкөк түстерді қолдану арқылы түрлі ою-өрнектер табиғат көріністерімен ұштастыра бейнеленеді. Қазақстанның оңтүстігінде түкті және тықыр кілемдерді қолдан тоқу дамыған. Олардың негізгі өрнектері — «күмбез», ал жиектерінде текшелі өрнектері «қорған» деп аталып, оны бойлай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды, қорғанын қуалай су жүргізілген қалайы елестетеді. Ою-өрнектерді белгілі мазмұнға құру текемет, сырмақ өрнектерінен де байқалады. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына түлкі ілген бүркіт, жан-жануар немесе табиғат көрінісі т. б. бейнеленеді. Геометриялық өрнектер өте басым. Қазақ кілемдеріндегі айшықты ою-өрнек әсері басқа халықтар кілемдерінен де байқалады. Мәселен, кавказ көлемдерінің бірі «қазақ» деп аталады.

1936 жылдан бері ұлттық үлгілерге жаңа мазмұн беруді көздейтін Алматы кілем тоқу фабрикасы жұмыс істейді. Мұнда кілем қолмен де, машинамен де тоқылады. Фабрика әртүрлі мерекелерге арналған, сондай-ақ ұлы адамдардың, көрнекті жазушы, қоғам қайраткерлерінің, мүшелтой иелерінің суреті салынған кілемдер де шығарады. Ал төсеніш, дастарқан т. б. ретінде пайдаланылатын кілемдер республиканың кейбір облыс орталықтарына шығарылады. Машинамен тоқылатын кілемдер сыртқы түрі мен ою-өрнегі жағынан қолдан тоқылған кілемдерден көп өзгешелігі болмаса да беріктігі мен төзімділік жағынан олардан төмендеу. Қолдан тоқылған кілем ұлттық ою-өрнек пен колоритті ұштастыра пайдаланған өте сапалы бұйым болып саналады.

Машинамен тоқылатын кілемдер



Тунистегі кілемдер базары

Машинамен тоқылатын кілемдер негізіне табиғи жіптермен қатар синтетикалық жасанды талшықтар, жүн тәріздес жіптер, химиялық пленка жіптер де пайдаланылады. Кілем тоқылатын жіптің құрылымын зерттеу нәтижесі химия мамандарына өте төзімді полимер материалдарды ойлап табуға мүмкіндік берді. Олар жуан, жіңішке, созылмалы, жеңіл, нәзік, ширақ және ақшыл болып келеді. Түсін жоғалтпау жағынан полиакрилонтрильді талшықты жүннен әлдеқайда төзімді.

Машинамен тоқылатын кілемдер түгі тігілмелі тафтинг, тоқымалы, трикотаж, тоқыма-тігілмелі, шыбықшалы киіз, флоки- ровты кілемдерге бөлінеді. Тоқыма кілемдер механикалық тоқу станогында бір түсті немесе әр түрлі түсті болып шығарылады, құрылымы жағынан кілемді көп қабатты мата деуге болады. Түгі тігілмелі тафтині - негізгі тоқымалы, трикотаж, тоқыма-тігілмелі кілемдер жоғары жылдамдықты көп инелі машиналармен тоқылады. Кілем негізі өріс жібінен, астыңғы матадан және латексті астарлан тұрады.

Шыбықшалы киіз. Кілемдер көп қабатты холст тәріздес болып келеді. Флокировты кілемдерді астыңғы материалға химиялық талшықтардан жасалған қысқа түктерді жапсыру арқылы электр өрісінде өндіреді.

Кілемнің көлемі, өрнегі және түр-түсі бөлмені интерьеріне сай (қабырғаның түсі, мебель, портьер т. б. қабы) болғаны дұрыс. Кілемді күту. Кілемді ұқыпты күтіп ұстаған жағдайда ұзақ уақыт пайдалануға болады. Кіре беріске, аяқ астына, дәлізге, холл, вестибюль, баспалдақ, т. б. адамдар көбірек жүретін орындарға төселген көлемдер тез тозады. Сондықтан да оның үстіне жіңішкеле у кенеп мата немесе басқадай материалдар төсеген жөн. Егер бүктелетін кілем болса оның жиегіне іш жағынан кішілеу кенеп қалташалар тігіл, оған жалпақтау металл табақшалар қоятын болса кілемге жиналатын электр-статикалық зарядтар мөлшері азаяды.

Кілемнің тозбауы және әдемілігі мен қылдақтығын арттыру үшін оның астына киіз немесе жұмсақ резеңке салады. Еденге төселетін кілемнің орнын ауыстырыл отырған жөн.

Кілемді төсер алдында еденнің кірін кетіріп, шаңын сүртіл әбден құрғату керек. Төсеген кезде кілемнің жиырылып, бүктеліп қалмауын қадағалау қажет. Тоқыма кілемдерді қатты сыпырғышпен немесе шаңсорғышпен аптасына бір рет тазалайды. Қатты щеткаларды пайдаланбаған жөн. Түгіне қарсы тазалау ға да болмайды.

Кілемді жұмсақ, иілгіш заттармен қаққан дұрыс. Оны ағаш қорғанға немесе кір жаятын арқанға іліп қағуға болмайды, мұндай жағдайда кілемнің арқау жіптері зақымданады. Қағылған кілемнің екі жағынан бірдей сыпырғышпен сүрту керек. Қысты күндері кілемнің түкті жағын үстіне қаратып қар салып тазалаған тиімді. Майысқақ шыбықпен немесе тал сыпырғышиен бірнеше рет орнын ауыстырып таза қардың үстінде әбден тазарғанша қағу керек. Таза жүннен қолдан және машинамен тоқылған кілемдерге қаракүйе мен кілем қоңызы түседі. Олар кілемнің боялған түгін (жасыл түсті кілемдерге түспейді) бүлдіреді. Санитарлық талапқа сай емес дымқыл, шаң басқан және уақытында кептіріліп, желдетілмеген орындарға, кілемнің тазаланбаған бөліктеріне кілем қоңызы, қаракүйе (личинкалары 12 ай шамасында өмір сүреді) түседі. Жүннен тоқылған кілемдерді жазда алдын-ала кептіріп, сосын шиыршықтап бүктен алып қойған жөн.

Тазаланып, келтірілген кілемге нафталин себу керек немесе бүктеген кезде арасына қашықтығын бірдей етіп нафталин салынған дорбашалар (нафталин

таблеткалары), «молебой» таблеткаларын салған дұрыс. Кілемді сақтау үшін оны мүмкіндігінше тығыздан бүктеп, сыртынан газет қағазымен орай полиэтилен қапшыққа салып қояды. Кілемді кемінде жылына бір рет «Аэроантимоль», «Супромит сұйықтықтарымен немесе «супрозоль» аэрозольды препаратымен профилактикалық өңдеуден өткізіп отыру керек.

Бұл заттар қара күйені және кілем қоңызының личинкаларын өлтіреді. Жүн тәріздес синтетикалық жіптерден жасалған кілемдер жоғары гигиеналық қасиеттерімен ерекшеленеді әрі шаңсорғышпен жақсы тазаланады.

Синтетикалық кілемдердің түкті жағына түскен дақты бірден сумен сүртіл тастаса оңай кетеді. Тұрыңқырап қалған дақты тұрмыс қажетін өтеу комбинатында химиялық тазалау жолымен кетіреді, мұнда көлемді керіп-созуға да болады. Табиғи жіптер мен синтетикалық талшықтардан жасалған кілем және кілем тәріздес бұйымдарды тазалауға «Атта», «Борс», «Золушка — М», «Умка» деп аталатын арнаулы сұйық препараттар шығарылады. Тазаламас бұрын кілем түгіндегі бояулық беріктігін тексерген жөн. Ол үшін ақ матаны алдын-ала дайындалған қоспаға батырыл алып кілемнің елеусіздеу бұрышын тазалап көреді. Егер бояу жұқнаса, оны тұтастай тазалай беру керек. Бояуы шығатын кілемдерге мұндай препараттарды пайдалануға болмайды.

Сергіту сәті:

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай кілем түрімен және түстерімен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №32 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Кілемді сақтау әдістері.

Міндеттер: Кілемнің тозбауы және әдемілігі мен қылдақтығын арттыру үшін оның астына киіз немесе жұмсақ резеңке салады. Еденге төселетін кілемнің орнын ауыстырыл отырған жөн.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Қажетті құрал-жабдықтар: Кілем, алаша, гобелен өнерін зерттеу, мәлімет жинақтау үшін интернет желісін пайдалану (бейнежазбалар, презентациялар, слайдтар көрсету т.б), фотосуреттер көру

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Өткен сабақты қортындылау;

Негізгі бөлім:

Гобелен өнері туралы түсінік алады, оның шығу тарихын біле отырып, тоқылу технологиясын үйренеді. Балаларды қазіргі заман талабына сай қолөнер бұйымын жасауды үйреніп, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, өздігінен ойлау қабілеттерін және саусақ қимылдарының шеберлігі дамиды. Оқушылар ұқыптылыққа, іскерлікке, ұлттық дәстүрді білуге, шеберлікке, әсемдікті сезіне білуге, шыдамдылыққа, өз бетінше жұмысты орындауға тәрбиеленеді.

Гобеленнің шығу тарихын біле отырып, тоқылу технологиясын үйренеді. Балаларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, өздігінен ойлау қабілеттерін және саусақ қимылдарының шеберлігі дамиды. Ұлттық дәстүрді білуге, шеберлікке, әсемдікті сезіне білуге, шыдамдылыққа, өз бетінше жұмысты орындауға тәрбиеленеді.

Қорытынды

Сұрақ-жауап әдісі.

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №33 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Қазақ кілемдері

Міндеттер: Мақсаты: Түкті, тықыр, барақ кілемдер. Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Арқада түкті, тықыр, араб кілемдерін тоқу, Семейде кілем кестелеу күшті дамыған. Түксіз қазақ кілемдерін тоқудың бірнеше тәсілі қолданыста. Оның кең тараған түрі – басты өрнектерінің «араби» болып жасалынатыны. Яғни, мұндай кілемді тоқуда жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастыра отырып, арабы кілемнің әсем суретін құрайтынын балаларға меңгерту.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Қажетті құрал-жабдықтар: Кілем, алаша, гобелен өнерін зерттеу, мәлімет жинақтау үшін интернет желісін пайдалану (бейнежазбалар, презентациялар, слайдтар көрсету т.б.), фотосуреттер көру

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Негізгі бөлім

Өсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті ою-өрнек салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекеленген жіптерден, бірақ бір-біріне тығыз орналасқан түйіндерден тұрады. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылғаннан кейін пайда болатын қалың түк мұндай түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырумен бірге оны жеңіл (барқыт тәрізді үлпілдек) етіп көрсетеді. Тықыр кілем (кілем, палас, сумаха, шпалер, терме алаша және т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскііз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Дайындалу тәсіліне қарай кілемдердің қолдан және машинамен тоқылған түрлері болады. Мазмұны [жасыру]

Қолдан тоқылған кілем тоқыма станоктарында өндіріледі. Өте берік келеді, күтіп ұстағанда ондаған жылдар бойы, кейде жүз жылдан астам уақыт пайдалануға болады. Қолдан тоқылған түкті кілемді тоқуға жүн (қой, ешкі, түйе жүні), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері пайдаланылады. Қолмен тоқылатын кілемнің түгі ор түрлі бояулы жіптерді әрбір екі өріс жібіне шалу арқылы жасалады. Майда өрнек қажет болғанда бір ғана өріс жібіне түйіледі. Олар көбіне қос шалымды, кейде бір жарым шалымды тұзақша түрінде болады да, ұшы бетіне шығарылып, қырқылып тасталады. Бірыңғай қатар жатқан тұзақшалардан кейін арқау жібін жүргізіп, алдыңғыларына қарай тарақпен нығыздай қағып отырады. Түк үшін жүннен иірілген жіп (кейде жібек жіп), ал өріс және арқау үшін мақта жіп қолданылады. Көбіне ұсақ өрнек жасау үшін өрістік мақта жіп жіңішке жібек жіппен алмастырылады.

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай кілем түрімен және түстерімен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №34 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Кілемнің ою-өрнегіндегі бояулар.

Міндеттер: Мал шаруашылығымен айналысқан (қой, түйе өсірген) барлық халықта да кілем тоқу өнері дамыған. Олардың кілемдері де, алаша, текеметтері де сан алуан түр мен түске толы. Бәрі де құлпырып көз тартады. Негізінен, қазақта кілемше теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері ашық та арайлы көп түсті бояумен боялса, кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектерді көбірек жүргізу дәстүр болып қалыптасқанын балаларға ұғындыру.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-
thread reduction, кілем-ковёр-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet
knitting

Қажетті құрал-жабдықтар: Кілем, алаша, гобелен өнерін зерттеу, мәлімет жинақтау үшін интернет желісін пайдалану (бейнежазбалар, презентациялар, слайдтар көрсету т.б), фотосуреттер көру

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Негізгі бөлім

Біздің ата-бабаларымыз ежелден-ақ матаны, былғарыны, жүнді, ағашты, кірпішті, сүйекті, қағазды, басқа да заттарды өздері қалаған түрлі түске бояу тәсілін, құпиясын білген, оны жете меңгеріп, дамытқан. Негізінен қазақтардың көп қолданғаны белгілі түске бояйтын органикалық қосылыстар мен оптикалық ағартқыштар, өсімдіктерден, кейде жануарлардан алынған табиғи бояулар. Қазақтар түрлі топырақ, жемістерді де бояуда қолдана білді. Қазақстан өсімдік қорының байлығы жағынан ең бай республиканың бірі. Осындай байтақ өлкенің табиғи жағдайы біркелкі емес, соған байланысты әр аймақтың өзіне ғана тән өсімдігі бар. Табиғат алуан түрлі өсімдікке бай. Өсімдіктерді мұхит түбінен де, орманды даладан да, шөл мен шөлейт жерлерден де, таудан да тіпті суық аймақтардан да кездестіруге болады. Ғалымдардың есептеуі бойынша, өсімдіктердің 350 мыңнан астам түрі болса, тек біздің елімізде 15 мыңдай түрі бар. Соның ішінде жергілікті жерде өсетін өсімдіктер пайдасының бір сыры- табиғи бояу беретіндігінде болып отыр. Табиғи бояу алынатын өсімдіктердің саны да, түрі де сан алуан Мен тұратын Абай ауданы Аркат ауылы маңында табиғи бояу алынатын жантақ, жалбыз, шеңгел, жыңғыл, қызыл мия, түймедақ, қына т.б. көптеген өсімдіктер өседі.

1. Жергілікті өсімдіктерді анықтау
2. Табиғи бояудың ерекшелігін саралау
3. Жергілікті өсімдіктерден табиғи бояуларды дайындау ерекшеліктерін айқындай отырып, табиғи бояу мен жасанды бояудың айырмасын, олар жөніндегі көне көз кісілердің көзқарасын корсету
4. Жергілікті өсімдіктерден табиғи бояу дайындау тәсілдері, олар

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай кілем түрімен және түстерімен таныстық?

**Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған
вариативтік компонентінің №35 конспектісі.**

Күні:

Тақырыбы: Түрлі-түсті жіптермен кілем түгін шығару.

Міндеттер: Жақсы иірілген, әдемі боялған түрлі-түсті жіптермен кілем түгі былай шығарылады: әр түрлі бояулы жіптерді әр бір екі өріс жібіне түйілдіреді.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити- thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Қажетті құрал-жабдықтар: Кілем, алаша, гобелен өнерін зерттеу, мәлімет жинақтау үшін интернет желісін пайдалану (бейнежазбалар, презентациялар, слайдтар көрсету т.б.), фотосуреттер көру

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Негізгі бөлім

Кілем тоқудағы құрал 1] (Ковер) — әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланылатын түрлі-түсті ою-өрнек салып тоқылған бұйым. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Түкті кілем бірнеше қабаттан тұрады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекеленген жіптерден, бірақ бір-біріне тығыз орналасқан түйіндерден тұрады. Жіптердің ұшы біркелкі қырқылғаннан кейін пайда болатын қалың түк мұндай түйіндерді көрсетпей жауып тұрады. Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болады. Ол кілемнің қалыңдығын, мықтылығын арттырумен бірге оны жеңіл (барқыт тәрізді үлпілдек) етіп көрсетеді. Тықыр кілем (кілем, палас, сумаха, шпалер, терме алаша және т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады. Түгі қырқылмаған (түз ақшалы), кейде түгінің жартысы

қырқылып, жартысы қырқылмаған аралас кілемдер де шығарылады. Сонымен қатар тоқыма емес (түгі тігілмелі, шыбықшалы, желімді кілемдер), түскііз, ою-өрнек салынған тері кестелі өрме кілемдер де болады. Дайындалу тәсіліне қарай кілемдердің қолдан және машинамен тоқылған түрлері болады.

Қазақ кілемі, қазақы кілем – ұлттық үй жиһазы.

Кілемнің қазақтар тұрмысында көп тұтылатын түрлері тоқылу ерекшелігіне (түкті, тықыр, барак), өндірілген орнына (Алматы кілемі), тоқылған материалына (жібек, масаты, қалы), ру үлгілеріне (адай кілемі, қоңырат кілемі, керей үлгі, найман үлгі), ою-өрнегі мен түріне (қос, үш, бес гүлді кілем), қосалқы белгілеріне (шашақты кілем, шашақсыз, ақалы) қарай бөлінеді. Қазба жұмыстары арқылы белгілі болған

байырғы сақ, ғұн, үйсін кілемдерінің тоқылу, көркемделу тәсілдері мен негізгі пайдаланған ою-өрнектері Қазақ кілемі үлгілерімен өте ұқсас. Қазақ кілемі ндегідей қызыл, сары, ақ, кара, аспанкөк түстерді басым қолданған ежелгі кілем үлгілерінің қазіргі үлгіден айырмашылығы – өз дәуірінің әдет ғұрпын, салт-жорасы мен кәсібін бейнелегенінде. Ал ою-өрнектің көптеген түрлері (қошқар мүйіз, т.б.) негізгі бітімін бұзбай әлі күнге дейін қолданылып келеді. Қазақ кілемі үлгілері мен басқа да түркі халықтары кілем үлгілері арасындағы ұқсастықты ортақ тарихи бастаумен негіздеуге болады, сондай-ақ, көршілес халықтар арасындағы мәдениет алмасуымен де тығыз байланысты. Қазақстанның оңт. облыстары мен Арқада түкті, тықыр, араб кілем тоқу, Семей облысында кілем кестелеу дамыған. Қазақ кілемі нің түкті және тықыр түрлерінде негізгі үлкен гүлдері “күмбез”, жиектеріндегі текшелі өрнектері “қорған” деп аталып, оны қуалай күлгін түсті “су” өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды қорғанның сыртын қуалай су жүргізілген қаланы тұспалдап бейнелеуден шыққан. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына “түлкі ілген бүркіт”, басқа да жан-жануарлар, табиғат көрінісі бейнеленеді. Геометриялық өрнектер өте басым, ішінара “көгеріс” өрнектер қолданылады. Түксіз Қазақ кілемі дерін тоқудың да бірнеше тәсілі бар. Олардың көп тараған түрі – арабы Қазақ кілемідер. Ондағы ең басты өрнектерді “араби” деп атайды. Жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастырып отыру арқылы арабы кілемнің әсем суреті құралады. Орта тұсы шаршылармен немесе ромбылық әшекейлермен безендірілген түрін шаршы кілем деп атайды. Орталық бөлігіне ұдайы алмастырылып тұратын түсті белдеулер орналасқан, ал олардың ортасында алуан түсті жіптерді қайта әдіптеу арқылы орындалған сатылы өрнектер салынған түрін тақта кілем деп атайды. Түксіз кілемнің оюларында қошқар мүйіз, құс тұмсық, ботакөз, тұмар, тарак нұсқалар мол кездеседі. Кейде қазақ оюына онша тән емес,

Орталық Азия халықтары қол өнерінен ауысқан өрнектер де ұшырасады. Кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі немесе негізгі бір түстің бір-біріне жақын бірнеше өңдері де қолданылады. Мысалы, қызыл, алқызыл, қызылкүрең түстер. Қазақ кілемі өрнектерінің ішінде зооморфтық оюлар да көп. Мысалы, “сыңар мүйіз”, “иттабан”, “көбелек”. Мұнымен бірге геом. өрнектер де кездеседі. Қазақ тұрмысында: масаты кілем, жібек кілем, тықыр кілем, қалы кілем, қара кілем, бұхар кілем, терме кілем, түрікмен кілем, парсы кілем, алаша кілем, шешенгүл кілем, жолақ кілем, шатыргүл кілем, мәскеугүл кілем, мақпал кілем, қараман түр, талас кілемі, ақтаңлақ кілем, шашақты кілем түрлері көп тараған. Қазақстанда тоқылатын кілемдердің түрлері де, атаулары да өте көп, көне заман деректерінде де олар осы күнгі атаулармен аталған. Бұл кілем тоқудың дәстүр сабақтастығын үзбей келе жатқан, терең тарихы бар өнер екендігін дәлелдейді. Қолөнер шеберлері кілем үлгілерінде ұлттық ою-өрнектермен қатар қазіргі заман тынысын, өмір шындығын бейнелейтін жаңа түр тапты.[1]

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай кілем түрімен және түстерімен таныстық?

Мектепалды даярлық (5-6жас) «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған вариативтік компонентінің №36 конспектісі.

Күні:

Тақырыбы: Кілем тоқылатын құрылғы.

Міндеттер: Кілем тоқитын заманымыздың соңғы жаңалықтарымен жасалған арнайы станоктар ауылдық жерлерде болған жоқ, қазір де кездеспейді. Соған қарамастан, кілем тоқушы шеберлер арнайы жабдық, құрылғыларды ойлап тауып, тиімді пайдалана білді.

Полингвалдық компонент компоненті: жіпті сирексіту-редукция нити-thread reduction, кілем-ковер-carpet, кілем тоқу-вязание ковров - carpet knitting

Қажетті құрал-жабдықтар: Кілем, алаша, гобелен өнерін зерттеу, мәлімет жинақтау үшін интернет желісін пайдалану (бейнежазбалар, презентациялар, слайдтар көрсету т.б), фотосуреттер көру

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету

Алдын-ала жұмыс: әңгімелесу.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі.

Жыл мезгілдерін сұрап өту;

Негізгі бөлім

Қазақ кілемі, қазақы кілем – ұлттық үй жиһазы.

Кілемнің қазақтар тұрмысында көп тұтылатын түрлері тоқылу ерекшелігіне (түкті, тықыр, барак), өндірілген орнына (Алматы кілемі), тоқылған материалына (жібек, масаты, қалы), ру үлгілеріне (адай кілемі, қоңырат кілемі, керей үлгі, найман үлгі), ою-өрнегі мен түріне (қос, үш, бес гүлді кілем), қосалқы белгілеріне (шашақты кілем, шашақсыз, ақалы) қарай бөлінеді. Қазба жұмыстары арқылы белгілі болған

байырғы сақ, ғұн, үйсін кілемдерінің тоқылу, көркемделу тәсілдері мен негізгі пайдаланған ою-өрнектері Қазақ кілемі үлгілерімен өте ұқсас. Қазақ кілемі ндегідей қызыл, сары, ақ, қара, аспанкөк түстерді басым қолданған ежелгі кілем үлгілерінің қазіргі үлгіден айырмашылығы – өз дәуірінің әдет ғұрпын, салт-жорасы мен кәсібін бейнелегенінде. Ал ою-өрнектің көптеген түрлері (қошқар мүйіз, т.б.) негізгі бітімін бұзбай әлі күнге дейін қолданылып келеді. Қазақ кілемі үлгілері мен басқа да түркі халықтары кілем үлгілері арасындағы ұқсастықты ортақ тарихи бастаумен негіздеуге болады, сондай-ақ, көршілес халықтар арасындағы мәдениет алмасуымен де тығыз байланысты. Қазақстанның оңт. облыстары мен Арқада түкті, тықыр, араб кілем тоқу, Семей облысында кілем кестелеу дамыған. Қазақ кілемінің түкті және тықыр түрлерінде негізгі үлкен гүлдері “күмбез”, жиектеріндегі текшелі өрнектері “қорған” деп аталып, оны қуалай күлгін түсті “су” өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды қорғанның сыртын қуалай су жүргізілген қаланы тұспалдап бейнелеуден шыққан. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына “түлкі ілген бүркіт”, басқа да жан-жануарлар, табиғат көрінісі бейнеленеді. Геометриялық өрнектер өте басым, ішінара “көгеріс” өрнектер қолданылады. Түксіз Қазақ кілемі дерін тоқудың да бірнеше тәсілі бар. Олардың көп тараған түрі – арабы Қазақ кілемідер. Ондағы ең басты өрнектерді “араби” деп атайды. Жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастырып отыру арқылы арабы кілемнің әсем суреті құралады. Орта тұсы шаршылармен немесе ромбылық әшекейлермен безендірілген түрін шаршы кілем деп атайды. Орталық бөлігіне ұдайы алмастырылып тұратын түсті белдеулер орналасқан, ал олардың ортасында алуан түсті жіптерді қайта әдіптеу арқылы орындалған сатылы өрнектер салынған түрін тақта кілем деп атайды. Түксіз кілемнің оюларында қошқар мүйіз, құс тұмсық, ботакөз, тұмар, тарақ нұсқалар мол кездеседі. Кейде қазақ оюына онша тән емес, Орталық Азия халықтары қол өнерінен ауысқан өрнектер де ұшырасады. Кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі немесе негізгі бір түстің бір-біріне жақын бірнеше өңдері де қолданылады. Мысалы, қызыл, алқызыл, қызылкүрең түстер. Қазақ кілемі

өрнектерінің ішінде зооморфтық оюлар да көп. Мысалы, “сыңар мүйіз”, “иттабан”, “көбелек”. Мұнымен бірге геом. өрнектер де кездеседі. Қазақ тұрмысында: масаты кілем, жібек кілем, тықыр кілем, қалы кілем, қара кілем, бұхар кілем, терме кілем, түрікмен кілем, парсы кілем, алаша кілем, шешенгүл кілем, жолақ кілем, шатыргүл кілем, мәскеугүл кілем, мақпал кілем, қараман түр, талас кілемі, ақтаңлақ кілем, шашақты кілем түрлері көп тараған. Қазақстанда тоқылатын кілемдердің түрлері де, атаулары да өте көп, көне заман деректерінде де олар осы күнгі атаулармен аталған. Бұл кілем тоқудың дәстүр сабақтастығын үзбей келе жатқан, терең тарихы бар өнер екендігін дәлелдейді. Қолөнер шеберлері кілем үлгілерінде ұлттық ою-өрнектермен қатар қазіргі заман тынысын, өмір шындығын бейнелейтін жаңа түр тапты.[1]

Қортынды:

Біз бүгін немен таныстық?

Қандай кілем түрімен және түстерімен таныстық?